

ТӘРБИЕ 4

БАҚЫТ ПЕН ЖЕТИСТІК ҚҰПИЯЛАРЫ

Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі
жалпы орта білім беретін мектептердің
4-сыныбына арналған оқулық ретінде ұсынған



ТАШКЕНТ
«O'ZBEKISTON»
2020

УЎК 17(075.3)

КБК 87.7я72

Т 21

Авторлар:

Шермухамедова Саодат, Аккулова Саодат, Исматова Наргиза,
Рузиева Дилноз, Рахимжонов Дурбек, Сатторов Шухрат, Замонов Зокир,
Исломов Зохиджон, Махмудов Обиддин, Зокирова Севара, Мадалиева Севара,
Муминова Лайло, Холмухамедова Нилуфар

Жауапты редакторлар:

З. Исломов – филология ғылымының докторы, профессор;
Д. Кенжаев – тарих ғылымының кандидаты.

Рецензенттер:

А. Тагаев – Халыққа білім беру министрлігі Рухани-ақылақтық тәрбие басқармасы бастығы, тарих ғылымының кандидаты;
Л. Гайнутдинова – Республика диагностика орталығы директоры;
К. Аброрхонова – Низами атындағы ТМПУ «Бастауыш білім педагогикасы» кафедрасы меңгерушісі, педагогика ғылымы бойынша философия докторы, PhD
З. Жуманова – Республика білім орталығы «Бастауыш білім» бөлімі бастығы, FMK мүшесі;
З. Жабборова – Республика білім орталығы методисті;
Д. Бабамуратова – Ташкент қаласы Учтепа ауданы 287-жалпы орта білім мектебінің бастауыш сынып оқытушысы.

Өзбекстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы Дін істері бойынша комитет, Республика Руханият және ағарту орталығы, Өзбекстан Жазушылар одағына тиісті қорытындылары негізінде баспаға дайындалған.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



Шығармашылық қызмет



Отбасы ортасында



Білесің бе?



Өзіндік жұмыс



Хикмет

Республика мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.

ISBN 978-9943-6481-9-7

© С. Шермухамедова және басқ., 2020
© «O'zbekiston» БПШУ, 2020



3-СЫНЫПТА ҮЙРЕНГЕНДЕРИМІЗДІ ҚАЙТАЛАЙМЫЗ

- ✓ КҮН ТӘРТІБІН САҚТАУ
- ✓ ТӘРТІПТІ БОЛУ
- ✓ ҮЛКЕНДЕРГЕ ҚҰРМЕТ, КІШІЛЕРГЕ
ІЗЗЕТ КӨРСЕТУ
- ✓ САБАҚТАРҒА КЕШ ҚАЛМАУ
- ✓ ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ
- ✓ ҮНЕМШІЛ БОЛУ
- ✓ ШЫНШЫЛ БОЛУ
- ✓ БЕРІЛГЕН ТАПСЫРМАЛАРҒА
ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ЖАНДАСУ
- ✓ БІЛІМДІ ЖЕТІЛДІРУ
- ✓ КЕҢПЕЙІЛ БОЛУ
- ✓ ҚОҒАМДЫҚ ЖЕРЛЕРДЕ ТӘРТІПТІ САҚТАУ





1-ТАҚЫРЫП: ОТАНДЫ МАДАҚТАУ



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. Өз отбасың туралы айтып бер.
2. Не үшін үлкендер «Өз отбасын сүйген адам махалласын сүйеді, махалласын сүйген адам өз өлкесін сүйеді» дейді?
3. Қандай адамды өз өлкесін сүйетін адам деуге болады?
4. Өз өлкесіне болған сүйіспеншілікті қалай көрсетуге болады?
5. Өз өлкесі үшін жанқияр болған адамдардан кімдерді білесің?

Ұлықбектің ата-анасы шетелге қызмет сапарына кеткен. Ұлықбек 4-сыныпта оқуды австралиялық қатарластарымен бастады. Жаңа достар арттырды, қаланың көркем жерлері оған өте ұнады. Бірақ, ол әрдайым өзінде бір нәрсе жетпей жат-



қандығын сезінетін еді. Ол, көбінесе, түсінде өзі туылған ауласы, туыстары, достарын көретін, оларды сағынатын еді. Әкесі Ұлықбектің көңіл-күйін түсініп: «Отан бізсіз күнін көре беруі мүмкін. Отан жүздеген және мыңдаған адамдарсыз да жасайды. Бірақ біз жер жүзінің қай жерінде болуымыздан



тыс, туылып өскен өлкемізді сағынамыз», – деді өртеніп.

1-шығармашылық қызмет



1. Әңгімеден қандай қорытынды жасадың?
2. Әңгіме тұрғысынан жасаған қорытындыны төменде берілген хикметпен байланыстырып көр.
3. Мәтін негізінде түсіріп қалдырылған сөздерді тап және орнына қой:
... жүздеген және мыңдаған адамдарсыз да
Бірақ біз жер жүзінің қай жерінде болуымыздан тыс, туылып өскен өлкемізді
4. «Мен үйімді сағынамын» тақырыбында шағын әңгіме жаз.

Хикмет



**Бұлбұл гүлзарды сүйер,
Адам – Отанды.**

2-шығармашылық қызмет



Кестедегі араластырып берілген мақалдарды тәртіпке салып оқы.

Отаны бардың	өз қадірін білмес
Отан қадірін білмеген	бақыты бар
Ана жұртым –	өлең төсегім
Өз үйім –	алтын бесігім



3-шығармашылық қызмет

1. Сен Отанымызды қалайша мақтай аласың?
2. «Отанымыздың даңқын дүниеге таратамыз» деген сөйлемнің мағынасын шақ.
3. «Өз жұртын шын көңілден сүймеген адам, өмірдің сұлулықтарын көре алмайды» деген пікірді қалай түсіндің?



Отбасы ортасында

1. Жақсы перзенттің қандай ерекшеліктері отбасына алғыс алып келеді?
2. Әдепті перзент болу үшін не істеу керек?
3. Отан туралы қандай өлеңдерді білесің?
4. «Ана Отанында ғазиз адам» дегенде нені түсінесің?
5. Қосымша оқу үшін берілген мәтінді отбасы мүшелеріңмен оқы.
6. Сабыр, қанағат, мүмкіндік туралы мақалдар, ғибратты пікірлерді тауып, дәптеріңе жаз.

Қосымша оқу үшін

Көне заманда бір диқан болған екен. Оның істеп тапқаны күн көруге жетер екен. Диқан отбасымен тыныш-тату күн кешіреді екен. Күндердің бірінде диқан жер шауып жатып, жүгерінің дәніндей келетін, жалтырақ тас тауып алыпты. Зергерге алып барса, бұл қымбат бағалы тас алмас екендігін айтыпты. Тасты зергерге үлкен ақшаға сатыпты. Ақшаларын көрген диқан асығып-үсігіп: «Мұндай



тасты тағы да қай жерден тапса болады?» – деп сұрапты.

«Тау кендерінен де», деп жауап беріпті зергер. Диқан тауға шығып кетіпті. Бір өмір диқаншылық еткен диқан кен іздеуден оқуы болмағандықтан әуре болып, артына қайтыпты.



Ол тағы да өзінің алдыңғы диқаншылығын істей бастапты. Жерге жақсылап өңдеу беріпті. Маңдай терін сүртіп, аздап дем алу үшін отырыпты. Сол кезде көзі жарқ еткен тасқа түсіпті. Жақсылап қараса, алдыңғы тапқанынан да үлкен алмас екен. Диқанның ауласында мұндай алмастар көп екен.

Демек, негізгі рахат өз кәсібіне, ана Отанына сеніммен еңбек етуде екен.



4-шығармашылық қызмет



1. Қосымша оқу үшін берілген мәтінді төмендегі хикметтермен байланыстыр:
 - а) Мүмкіндік әрдайым өз жұртыңда, кіндік қаның төгілген мекенде болады;
 - ә) Шүкір етсек, адал еңбек етсек, әрбіріміз, негізінде, алмас тола жер үстінде жасап жатқанымызды танып білеміз. Қанағатты болу – ең үлкен байлық.
2. «Әрбір адам қолынан келетін жұмысты істеуі керек» деген сөзді жоғарыдағы ертегімен байланыстыруға әрекет жаса.



2-ТАҚЫРЫП: ӨЗБЕКСТАН – КӨП ҰЛТТЫ МЕМЛЕКЕТ



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. «Көп ұлтты мемлекет» сөзін қалай түсінесің?
2. Сен не үшін деп ойлайсың, Өзбекстанда жасап жатқан адамдарды не біріктіріп тұрады?
3. Бір жерде жасап жатқан адамдарға бірге, ынтымақта, татулықта болу не үшін керек?

Кеш болғанда ата-анамның асығып шығып кетуінен әуре болдым. Олар таң атқанша қайтпады... Мектептен келіп анашымды қатты сағынғанымнан, оларға қоңырау соқтым.

Әкемнің сыбырлап сөйлеулерінен еш нәрсені түсінбедім.

Апамның айтуына қарағанда, анашымның ұстазы қатты ауырып науқастанып қалыпты. Бүкіл өмірін жоғары оқу орнында студенттерге сабақ беру, ғылыми қызметпен айналысуға арнаған бұл орыс әйелдің перзенттері шетелге жұмыспен кеткен екен.

Ата-анам оларды соңғы сапарға күзетуге бас болыпты. Кешке өте қапа болып қайтқан анашымнан: «Неге қапа боласыз? Олар біздің туысымыз емес-қой, олардың әдеттері де, ұлты да басқа ғой?» – деп сұрадым.





Бір мезет үндемей тұрған әкешім: «Балам, біз адамилық борышымызды орындадық», – деп жауап берді.

1-шығармашылық қызмет



1. Сенің ауылыңда қайсы ұлт өкілдері жасайды?
2. «Балам, біз адамилық борышымызды орындадық» деген сөзді сен қалай түсіндің?

Біз жаңа үйге көшіп өттік. Жүктеріміз артылған машина үйдің жолағында тоқтады.

Спорт алаңында доп ойнап жатқан балалар біз тарапқа жүгіріп келіп, көмек бере бастады.

Жаңа көршілер арасында кәріс ұлтына тән, өзбек тілінде өте әдемі сөйлеп жатқан бала менің назарымды тартты.



«Өзбек тілін қай жерден білесің?» – қызығып сұрадым баладан. «Әкем әрдайым: «Біз Өзбекстанда жасаймыз, бұл өлкенің әдет-ғұрыптарын құрмет етуіміз керек», – деп ұқтыратын», – деді сұхбаттасым. Мен онымен қалың дос болып қалдым.



2-шығармашылық қызмет



Сен басқа ұлттардың ұлттық тағамдарын яки әдет-ғұрыптары туралы білесің бе?



I тарау. Адамзаттың рухани мұрасы



* * *

Исламбектің анасы палауды кесеге салғаннан кейін, үстіне аздау бауырсақ қойып: «Ұлым, мұны көршіміз Вера апайға беріп кел. Сауап болады», – деді.

Исламбек асыға Вера апайдың үйіне жүгірді. Ол тез-тез Вера апайдың үйіне палау алып шығады. Вера апай әрдайым ыдысқа алмалы тәттілік салып береді. Бұл пісіріктер Исламбектің сүйетіні. «Рахмет, балам, Айт мерекесі құтты болсын», – деді Вера апай.

Орыс халқының қысты күзету мерекесінде Вера апай да көршілерін дәмді қаймақтармен қонақ ететін. Мерекелер, дәстүрлер себепті, махаллада жасайтын отбасылар ортасында, әрдайым мейірбандық және ынтымақ болған.



3-шығармашылық қызмет

1. Барша ұлттардың бір-бірін құрметтеуі неге қызмет етеді?
2. Бұл мәтінді оқы және төмендегі тапсырманы орында:
«Бір адам әрдайым көршісі туралы түрлі жаман сөздерді айтатын, көшесіне қоқыс тастап кететін еді. Мұны көрген махалла раисі оған қатаң ескерту жасап, тек өзін құрмет етпейтін адамдар ғана мұндай жұмыстарды жасауы мүмкіндігін түсінтірді». Бұл оқиғаны Вера апаймен болған әңгімемен салыстыр.



Хикмет

Өзіңе мүмкін деп білген нәрсені басқаларға да мүмкін деп көр.



Отбасы ортасында



1. «Адамилық борышы» түсінігін берілген мәтіндер негізінде түсіндір.
2. Түсіріп қалдырылған сөздерді қой.
«Балам, біз ... борышымызды ...».
«Әкем әрдайым: «Біз ... жасаймыз, бұл ... әдет-ғұрыптарын ... етуіміз керек», – деп ұқтыратын», – деді сұхбаттасым.
3. Татулық, ынтымақ және өзара достық туралы сурет сал.



Билесің бе?



Әр жылы 16 қарашада Өзбекстанда «Халықаралық кеңпейілділік күні» атап өтіледі. Мемлекетімізде 130 дан астам ұлт өкілдері жасайды. Олар қазақ, қырғыз, қарақалпақ, орыс, тәжік, түрікмен, татар, украин сияқты түрлі ұлт өкілдері болып саналады. Баршамыз «Өзбекстан – ортақ үйіміз» ұранымен бір мемлекетте дос, ынтымақты, тату болып жасаймыз.



3-ТАҚЫРЫП: БАТЫЛ ЖӘНЕ ЕРЖҮРЕК АДАМ – ОТАННЫҢ ТІРЕГІ



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. «Батыл және ержүрек адам» дегенде қандай адамдарды түсінесің?
2. Батылдық нелерде көрініс табады?
3. Сен үшін әр күні ерлік көрсететін адамды білесің бе?

– Бабажан, батыл және ержүрек болу үшін соғысқа бару керек пе?

– Балажаным, тыныштық уақытында да ержүректілік көрсету мүмкін. Мәселен, көмекке мұқтаждарға көмек бер;

біреу жұмысты бастадың ба, соңына жеткіз; уәде бердің бе, орында;

оқуың және мінез-құлқыңмен достарың мен інілеріңе өрнек бол;

әрқандай жағдайда да тура сөйле, біреуді алдама; өзіңе жүктетілген тапсырмаға жауапкершілікпен жандас, оны шын көңілмен орында.

Аздап ойлап тұрып, Бабырдың бабасы сұхбатты жалғастырды:

– Сен ұл баласың! Үлкен болсаң, Отан қорғаушысы боласың. Мұның үшін сен қазірден денсаулығыңа мән беруің, денеңді шынықтыруың қажет.





1-шығармашылық қызмет

1. «Жасампаздық» дегенде нені көз алдыңа келтіресің? Пікіріңді жоғарыда берілген суреттер негізінде сипаттауға әрекет жаса.
2. Төмендегі кестені дәптеріңе жаз және сұрақтарға жауап бер:

Отанның дамуы кімдерге байланысты?	Отан дамуына үлес қосу үшін сен қандай сапаларға ие болуың керек?	Өлкемізде тыныштықты қамтамасыз ететін мекеме мен ұйымдарды білесің бе?

Хикмет



**Батылдың жұмысы – еңбекте,
Қорқақтың күші – аузында.**



I тарау. Адамзаттың рухани мұрасы

Екі қадірлі дос пен сыныптастар әр күнгідей серуенге шықты. Екі дос жол-жөнекей бір-бірімен әзілдесіп, қуаласып келетін. Олар серуендеп жүрген аймақтан ағып өтетін су каналы жанына келгендерінде, балалардың бірінің шоқтығынан, көпір жанынан өткен су құбырынан жүгіріп өтпек болады. Ол құбырдың үстінде біраз жүрді де, аяғы тайып, суға түсіп кетті. Өте тез арада болған оқиғадан досы өзін жоғалтып қоймады. Ол досына көмек беруге асықты. Бірнеше жылдан бері жүзумен шұғылданып келе жатқан бала ұстаздарының берген ұсыныстарын еске алып, тез арада үстіңгі киім мен аяқ киімдерін шешіп, өзін суға атты.

Дене тәрбиесі жаттығуларында шыныққан бала досын жағалау тарапқа итеріп, құтқарып қалды.



2-шығармашылық қызмет

1. Баланың суға түсіп кетуіне не себеп болды?
2. «Адамгершілік, ержүректілік сезімдері» дегенде нені түсінесің?



Отбасы ортасында

1. «Өлке тыныштығы – ел байлығы» сөзін қалай түсінесің?
2. Отан дамуы үшін сен қандай үлес қоса аласың?
3. Айналаңдағы адамдардан кімдерді батыр ретінде көрсете аласың?
4. Өлкемізде жасаған батыл және ержүрек бабалардан кімдерді білесің? Олардың аттары мен жүзеге асырған жұмыстарды айтып бер.



4-ТАҚЫРЫП: БАБАЛАРАМЫЗДЫҢ ҚҰНДЫ МҰРАСЫ

Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



1. Білімді болудың қажеттілігі неде?
2. Ғалам не екендігін білесің бе? Ғаламды үйрену үшін қандай білімдерге ие болу керек?
3. Не үшін «Математика – ғылымдардың патшасы» делінеді?
4. Түнгі аспанды көргеніңде жұлдыздарды жақыннан тамаша жасауды армандағансың ба?

ҒАЛАМДЫ БАҒЫНДЫРҒАН БАБАМ

Мұнан 1200 жылдар алдын жасаған бабамыз Ахмет әл-Ферғани жерде тұрып жұлдыздарды үйренген. Ол балалығынан кітаптарды сүйіп оқитын, білмегендерін ұстазынан сұрап үйренетін.

Бағдат қаласында білім алған Ахмет әл-Ферғани көп уақытын кітапханада өткізген. Ол юнон және үнді ғалымдарының кітаптарын оқыған, оларды араб тіліне аударма жасаған және оқушылар үшін қарапайым тілде түсіндірген. Ахмет әл-Ферғанидің «Астрономия негіздері туралы кітап» шығармасы ұзақ уақыт барысында әлемдегі көптеген университеттерде астрономиядан негізгі оқулық ретінде оқытылған.






I тарау. Адамзаттың рухани мұрасы

Өзбекстанда Ахмет әл-Ферғани атындағы бақтар, көшелер бар.

861 жылы Мысырда Әл-Ферғани бабамыз Ніл өзені суын деңгейін өлшейтін ғимарат құрған.

Ондағы математикалық есеп-кітаптар бойынша істейтін су таразысы қайсы диқан, қанша жер салығын төлеуді анық белгілеп берген.

Оны «әділет таразысы» деп атаған. Тарихи су таразысы жанында Ахмет әл-Ферғанидің орасан зор және көркем ескерткіші бой көтерген.





1-шығармашылық қызмет



1. Ахмет әл-Ферғанидай ұлы ғалым болу үшін оның қандай қасиеттері сен де болуын қалайтын едің?
2. Ахмет әл-Ферғани жазған кітаптар дүниенің дамуына қандай үлес қосқан?
3. Мысырлықтар Ахмет әл-Ферғаниді не себептен құрмет етеді?

Абу Абдуллах Мұхаммет атты бала ұзақ жұрттарға ғылым үйрену үшін шығатын болыпты. Оның бұл жұмысын анасы қолдап, білім жолында әр қандай тосықтарын жеңіп өтуі үшін сабыр мен табандылық керектігін айтып, ақ бата беріпті. Бала ұзақ өлкелерге барып, ол жерлердегі бар білімдерді үйреніпті және адамдарды өз дарынымен таң қалдырыпты.

Адамдар балақайдан атын сұраса, «Мен Мұхаммет, Бұхараданмын», деп жауап берер екен. Кейіннен оны Мұхаммет Бұхари деп шақыратын болды.

Бұхари Пайғамбар Мұхамметтің (с.а.у.) өмір мен қызметтері, істеген жұмыстары,





I тарау. Адамзаттың рухани мұрасы

насихаттарын үйренді. Ол жинаған мәліметтерін қағазға түсірді. Есіткендерін өзі де қолдады.

Мұхаммет әл-Бұхаридің білімділігі себепті, оның туылған өлкесі Бұхараны барша тән алды.



Хикмет

«Білімнен басқа қайыр жоқ және болмайды».

Имам Бұхари



2-шығармашылық қызмет

1. Ойлап көр, «Кімнің перзентісің? Тәрбие берген ата-анаңа рақмет», «Қайсы мектепте оқисың, саған таң қалдық, ұстазың жақсы екен» деген сезімді есіткен кезінде сені қандай сезім қамтиды?
2. Әңгіме тұрғысынан жасаған қорытындыны берілген хикметпен байланыстырып көр.
3. Мәтін негізінде түсіріп қалдырған сөздерді тап және орнына қой: *«...нен басқа ... жоқ және болмайды».*



Отбасы ортасында

1. Үлкендермен төмендегі мақалдарға талдау жаса. Кітап оқу – адам өміріне мазмұн алып келеді. Жетістік кітап оқыған адамға бұйырады. Білім адамдардың өмірін жеңілдетеді.
2. «Мен Ахмет әл-Ферғани сияқты ұлы ғалым болуым үшін...» деген пікірді жалғастырып, 12–14 сөйлемнен құралған әңгіме құрастыр.



5-ТАҚЫРЫП: МЕКТЕП – ЕҢ ҰЛЫ МЕКЕН

Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



1. Бір күнде қанша уақытың мектепте өтеді? Бір аптада ше? Бір айдашы?
2. Мектебінде сен үшін қадірлі болған нәрселер бар ма?
3. Ойлап көрдің бе, не үшін мектепті «ұлы мекен» деп атайды?
4. Мектебінді сағынасың ба?

Мектеп баспалдағына алғашқы қадам қойған күнін еске ал. Бірінші қоңырау, бірінші ұстаз, бірінші сабақ – бұлардың баршасы адам көңілінде өмірбойы сақталып қалатын естеліктер. Мектеп – ұлы мекен. Шынында, қоғамның мақтанышы болған көп адамдар, дәл, сол жерден жетісіп шығады. Бұған қалай қол жеткізіледі? Әлбетте, білім алуға және кітап оқуға болған махаббат себепті. Бұл жолда біздің ең негізгі көмекшіміз ұстаз болады. Ұстаздың берген тәрбиесі, өсиет пен сабақтарына қаншалықты мән берсек, жетістіктер шыңына соншалықты оңай жақындасамыз.

Мектепті біз екінші үйіміз деп білеміз. Соның үшін де дем алыс күндерінде біз ұстаздарымызды және қадірлі мектебімізді сағынамыз. Отбасы ортасында болған сұхбаттарында да, көбінесе, ата-аналарымыз өздерінің мектеп дәуірлерін, ұстаздарын мақтаныш етіп, сағынышпен еске алады.



1-шығармашылық қызмет

1. Не үшін мектепті екінші үйіміз деп білеміз?
2. Болашақ мектептерін қалай көз алдыңа келтіресің?





I тарау. Адамзаттың рухани мұрасы



1



2




3



4



5



6



7



8

Мектепте өзімізді қандай тұтуымыз керек?

Суреттердің астына берілген ережелерден сай келетінін жаз.

а) Партада дұрыс отыр; ә) Дәптер-кітаптардың үстінде тамақтанба; б) Мектепке келгенде жылы шыраймен сәлемдесуді ұмытпа. в) Партаңның үстін тәртіпке сал; г) Мектеп жолақтарында бақырып сөйлеме; д) Партаның үстінде және астында артықша нәрселер болмауы керек; е) Мектепке өз уақытында келу керек. Кеш қалмауға әрекет жаса; ж) Сабақтарға дайындықпен кел;



2-шығармашылық қызмет



Әрбіреуіміз мектепте сенің қандай мінез-құлық қалыптасқандығын, сыныптастармен болған қарым-қатынас өміріңде қандай маңызға ие, оқытушылардан нені үйренуің туралы 10-12 сөйлемнен құралған әңгіме құрастыр. Топтарға бөлін және жазған нәрселеріңді сыныптастарыңмен бөліс.

Бұл кестені дәптеріңе сыз және оны толтыр:

Мектепке барудан мақсат	Мектеп құндылықтары	Мектептің атын жетілдіру үшін ұсыныс	Мектеп ережелері

Отбасы ортасында



Жақындарыңмен сұқбаттас. Оларға төмендегі сұрақтарды бер:

1. Сен мектепке қуанышпен барғансың ба?
2. Мүмкіндік болғанда тағы да мектепке барар ма едің?
3. Мектеппен байланысты қандай еске алуларды еске түсіре аласың?
4. Саған әріп үйреткен ұстазыңның аты есінде ме?
5. Мектептегі қисынсыз әрекетің үшін сені қандай жазалаған?
6. Күнделік дәптеріңде неше «үлгілі» баға болған?
7. Мектеп дәуіріңді еске алғаныңда бірер нәрседен өкінгенсің бе?



6–7-ТАҚЫРЫПТАР: КІТАП – ҰЛЫ ДАНЫШПАН



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. Бірінші кітаптар қашан және қай жерде пайда болғанын білесің бе?
2. Бір кітап дайындау үшін қанша адамдар еңбек етуін ойлап көргенсің бе?
3. Осы күнге дейін оқулықтан тыс қанша кітап оқығансың?
4. Қандай кітаптарды оқуды жақсы көресің?

Сен мен туралы өте көп мәліметтерге иесің. Солай болса да, өзім туралы бір-екі ауыз сөз айтпақшымын.

Дүниедегі ең бай адамнан ең үлкен арманы туралы сұрапты. «Қані еді, әлемдегі барша кітаптарды оқу үшін жеткілікті уақытым болса еді», – депті ол.

Сонда оның қалай етіп бұл дәрежеде байып кеткенін түсінісіпті...

Мен туралы төмендегілерді біліп ал:

– рахаттанып дем алмақшы болғандар бізді оқиды;

– бір бастан парақтағандар өте көптеген құпияларын біліп алады;

– белгіленген тәртіп-ережелерді сақтамағандардың денсаулығына зиян жеткізіп қоямыз. Яки беттеріміз жыртылса, құпияларымызды жоғалтып қоюың мүмкін.





Шығармашылық қызмет



Зейніңді сынап көруіме разысың ба? Суреттерді мұқияттылықпен күзет. Бұл жағдайлар саған таныс па?



Суреттер негізінде сөздерімді сипаттап бер:

1. Кітаптың арасына қалам яки басқа нәрсе қойма. Себебі _____ мүмкін.
2. Кітапты _____ оқу мүмкін _____.
3. Кітапты жүріп келе жатқанда _____ мүмкін _____.
4. Кітапты _____ қолмен _____.
5. Кітапты _____ оқу керек.
6. Кітапқа _____ мүмкін емес.



Жақсы кітапсүйгіш болу үшін төмендегі кеңестерімнен пайдалан.

Оқыған кітаптарыңды достарыңмен талдау жаса.

Оқығандарыңды отбасы ортасында айтып бер.

Оқиғаларды көз алдыңа келтір. Кітап кейіпкерлері туралы достарыңның пікірін біл.

Әр күні бір сағатты оқу үшін ажырат.

Кітап таңдауда үлкендермен кеңес.

* * *

Өркениетке сипаттама керек болса, кітапханаларға қара...

Соңғы жылдарда Үндістан мен Қытай «дүниенің ең кітапсүйгіш мемлекеттері» рейтингінде жетекшілікті сақтап тұр. Бұл екі мемлекетте жасап жатқан халық аптасына 10 сағаттан астам уақыттарын кітап оқуға жұмсайды.

Ал, корейлықтар оқығандарын іске асыру барысында әлемде сингапурлықтардан кейін, екінші орында тұрады. Кореяда, негізінен, инженерлік, ақпарат технологиялары, медицина бағытындағы, анық пәндерге сай кітаптар жақсы оқылуда.





Жоғарыдағы мемлекеттердің осы күнде жедел дамуы мен қоғамының өркениетіне, олардың кітапсүйгіштігі мен білімдерді меңгеруі ерекше маңызға ие.

Отбасы ортасында



1. Мақалды жалғастыр.
Кітап – білім _____ досы. Кітап _____ данышпан. Кітап _____, білім _____. Кітаптан жақсы _____ жоқ. (*дос, қазына, ұлы, оқушының, байлық*).
2. Кестеде кітап туралы мақалдар адастырып берілген. Сен оларды тәртіпке салып, оқуың керек.

Көп оқыған,	ең жақсы дос
Кітаппен дос болсаң –	кітапсыз, дәл қолсыздай
Алтынды жерден қазып алады,	білім қоры
Кітап – сенің досың,	көп біледі
Жақсы кітап	ақыл аласың
Кітап –	білімді кітаптан

3. Үлкендермен бірге мақалдардың бірін суретте көрсетіп бер.

Білесің бе?



Кітап оқу көңілді жұмсатады.
Кітап ақылды дамытады.
Кітап өмірдегі мақсатты танып білуге және қиындықтарды жеңуге көмек береді.
Кітап оқу жадыны берік етеді.
Кітап оқу көзқарасты кеңейтеді.
Кітап оқу сөз байлығын асырады.
Кітап оқу шығармашылық қабілетін дамытады.
Кітап оқу жақсылық жасауға үндейді.



8-ТАҚЫРЫП: БІЛІМ – ТЕҢСІЗ ҚАЗЫНА



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. Білімді не үшін «теңсіз қазына» дейді?
2. Білім туралы қандай хикметтерді білесің?
3. Сен болашақта кім болуды армандайсың? Армандаған кәсібіңді иелеу үшін қандай білімдер керек болады? Мұның үшін сен қандай дайындық көріп жатырсың?

Жағалауға жетуіне үш жүз шақырым қалған кеме күтілмегенде өшіп қалды. Оны жөндеу үшін ұсталардың ұрынулары пайдасыз болды. Сұрап сүрістіріп, кеме жолаушыларының арасынан оны жөндеу үшін қария ұстаны тауып келді. Ол кеме қозғатқышын тексерді, сан-санақсыз мыс құбырларын көріп шықты. Соң ұста аспаптар салынған чемоданды ашып, ішінен жіңішке сапты балға мен кішкене тоқпақты алды.

Ұста бірде тоқпақ, бірде балғамен мыс құбырларын және цилиндрді сырлы тәрізде ұратын, жанындағылар оның әрекеттерінен таң қалуда еді.

Үлкен кемеде жаңғырып жатқан балғаның дауысы шуылдаған теңіздің дауысымен үндесіп кетті.

Қария ұста барша нәрсені ұмытқан, құтты күйді шеберлікпен салып жатқан өнерпаздай жұмысқа берілген еді.





Сөйтіп, балға мен тоқпақтың тықылдауы тоқтады. Кеме кеудесінде найзағайдай жарқылдаған мотор дауысынан баршаның көңіл-күйі көтеріліп кетті.



Ұста жұмыс ақысы үшін екі миллион сом төлеу керектігін айтты. Кеме иесі ашуланды. «Кәрі шал есін жеп қойыпты! Балғаны тақылдатып сонша ақша істеймін, деп ойлаған болса, тұшпараны қам санапты!» – депті. Соң шалдан жұмыс ақысына анықтық кіргізу үшін, қаражаттар көрсетілген төлем қағазын сұрапты.

Көп өтпей, мекемеге ұстадан қаражаттары анық-тынық жазылған төлем қағазы келіпті. Онда төмендегі қаражат пен бағалар жазылған екен:

«Балғамен ұруға екі жүз мың сом.

Қай жерге, қай мөлшерде ұруды білгені үшін бір миллион сегіз жүз мың сом».



1-шығармашылық қызмет



1. Жоғарыдағы әңгіменің қайсы жері саған қызық болды?
2. Кеме түзетілмегенде кемедегілер қанша зиян көруі мүмкін еді?
3. Сен не деп ойлайсың, ұста әділетті ме?
4. Әңгімені «Білім – барша көңілсіздіктерге қалқан» деген түйінмен байланыстырып түсінтір.
5. Әңгімеге тақырып қой.

Хикмет



Ғылым шөл далада дос, өмір жолдарында тірек, жалғыздық шақтарында жолдас, бақытты шақтарда бастық, қайғылы шақтарда қамқоршы, адамдар арасында әшекей, дұшпандарға қарсы күресуде қару болады.



Халықаралық пән олимпиадалары туралы білесің бе?

Мектептерде оқушылардың білімдерін, дарынын сынау мақсатында пән олимпиадалары өткізіледі. Жеңімпаз оқушылар кейінгі басқышта күштірек топтарда білімдерін сынау үшін жарысады. Республикада жоғары нәтижелерге қол жеткізген оқушылар, Халықаралық олимпиадаларға жолдама алады. Бүгінгі күнде өзбекстандық мектеп оқушылары халықаралық деңгейде өткізілетін пән олимпиадаларында белсенді қатысуда.

2019 жылы Оңтүстік Африка Республикасында өткізілген Халықаралық математика жарысында қатысқан 500 шақтыдан астам дарынды қатысушылар арасынан өзбек оқушылары 14 медальді жеңіп алды.

Бұхаралық 7-сынып оқушылары Анваржон Рахматов алтын медаль, Тоймурод Қодиров пен үргеніштік Бегзод Мақсудов қола медальмен марапатталды.



2-шығармашылық қызмет

1. Сен қайсы пәннен олимпиадада қатысып өз біліміңді сынауды қалайсың?
2. Пән олимпиадасында қатысу үшін сен көбірек нелерге назар аударуың керек?



3-шығармашылық қызмет



1. Жетістіктерге қол жеткізу үшін не істеу керек?
2. Төмендегі сөздер негізінде адамның жетістікке қол жеткізуі туралы әңгіме жаз?
3. Қосымша қандай сөздерді ұсынасың?



Отбасы ортасында



1. Сен қандай үйірмелерге барасың?
2. Отбасы мүшелерің қандай кәсіптерде істейді? Сен олардың кәсібін жалғастырасың ба яки басқа кәсіп таңдайсың ба?
3. «Еңбексүйгіштік + сабырлылық + құнт = мықты білім». Бұл ережедегі әрбір қасиетті ашып бер.
4. «Білімді қайталаумен байланыстырып ал» дегенде нені түсінесің?



ҚАЙТАЛАУ

МЕН БІЛІП АЛДЫМ

Бүгінгі сабақта біз сендермен өтілген тақырыптар бойынша алған білімдеріңді тағы да еске алып, қайталаймыз. Топтарға бөлін. Әрбір топ өзіне берілген тақырып үстінде істейді. Тақырыпты сыныпқа қалай түсіндіруіңді талдау жаса.

Презентацияға дайындық көріп жатқанда төмендегі үш сұраққа жауап бер:

1. Бұл тақырыпты үйренуден алдын менде қандай мәліметтер бар еді?
2. Бұл тақырыптан нелерді біліп алдым?
3. Мен бұл білімдерді күнделікті өмірде қандай қолдауым мүмкін?

Білер едім	Біліп алдым	Қолдаймын

1-тақырып: Отанды мадақтау. Біз әрдайым Отанды анаға теңестіреміз.

2-тақырып: Өзбекстан – көп ұлтты мемлекет. Өзбекстанда 130-дан астам ұлт өкілдері жасайды.

3-тақырып: Ержүрек және батыл адам – Отанның тірегі.

Ел тыныштығы үшін кімдер жауапты?

4-тақырып: Бабаларымыздың қымбат мұрасы. Ахмет әл-Ферғани – ұлы астроном. Ніл дариясының деңгейін өлшейтін ғимарат. Имам Бұхари мұрасы.

5-тақырып: Мектеп – ұлы мекен. Мектепте өзімізді қандай тұтуымыз керек?

6-7-тақырыптар: Кітап – ұлы данышпан. Жақсы кітапсүйгіш болу үшін насихаттар.

8-тақырып: Білім – теңсіз қазына. Ұста ақысы екі миллион сом.





9-ТАҚЫРЫП: ОТАН ТУЫН ЖОҒАРЫ ҰСТАЙЫҚ

Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



1. Мемлекетіміз туы қай жерлерде желбіреп тұрғанына назар аударғансың ба?
2. Мемлекетіміз туы көтерілгенде қандай құрмет көрсетіледі?
3. Әнұранымыз орындалғанда не үшін оң қолыңды көкірегіңе қойып тұруыңды ойлап көрдің бе, бұл әрекет нені білдіреді?

Жеңімпаз боксшылардың ринг алаңында Отан туын көтеріп мақтаныш етіп тұруына әуестенген Шахрам ағанды бокс әлеміне бүтіндей байлап қойды.

Ол өз алдына мақсат қойды – әлем чемпионы болу!

Болашақ чемпион көктерде желбіреген Өзбекстан туын көз алдына келтіріп, мақтаныш етті. Сабырлық, құнт пен тынымсыз жаттығулар, сағаттап жалғасқан жаттығуларда ол өзіне «Еңбектің түбі рахат, қазір қиналсаң, күресте жеңіске жетуің оңай болады», деп айтатын еді.

Өзбекстан туы оған жол көрсететін жұлдыз болды – бір мезетке болса да, одан көзін алмады, шаршағанында ту оны рухтандырды.

2017 жыл 2 қыркүйек. Германияның Гамбург қаласында өткізілген бокс бойынша әлем чемпионатының финал кездесуінде Шахрам Ғиясов





кубалық қарсыласына қарсы рингке шықты.

Ол өзіне тән жылдам әдісімен жеңіске жетті – 5:0! Төрешілер барша раундтарда Шахрамға үлкен үстемдікпен жеңіс берді.

Сөйтіп, чемпиондық тұғырға көтерілген Шахрам Ғиёсов оған күш-жігер берген Өзбекстан туымен беттесті. Ол барша тудан жоғарыда тұрған ана Отан туында миллиондаған өзбекстандықтардың орындалған арманы, қуанышын көрді.

Әрбір адам санасына Отанымыз рәміздеріне деген терең құрмет сезімдерін сіндіру, жалпыұлттық құрмет белгісі болған ту, елтаңба мен әнұранымызды ұлықтау, ардақтау баршамыздың қасиетті борышымыз саналады.

Дегенмен, ту бар екен, ұлт бар, мемлекет бар, Отан бар. Өзбекстан перзенттері қай жерде болмасын, қандай нәтижелерге қол жеткізбесін, Отан туын ардақтайды. Себебі жалау – еркіндік үлгісі, жарылқаушылық, тыныштық рәмізі!



1-шығармашылық қызмет

1. Шахрам ағаңның чемпион болуына еліміздің туы қандай көмек берді?
2. Шахрам Ғиёсовтағы қайсы қасиеттер оған чемпион болуына көмек берді?
3. Сен Шахрам Ғиёсовпен кездесіп қалсаң, оған не деп сұрақ берер едің?
4. Сен де Отанымыз туын көктерге көтеруді қалайсың ба? Қалайша?
5. Шахрам Ғиёсовтың «Жетістік картасын» сыз.



ТАРИХ ТІЛГЕ КІРГЕНДЕ

Ұлы Сайыпқыран Әмір Темір жеңіс туын жоғары көтерді. Бұл тудың астында ұлы ел бірікті. Ол құрған ұлы салтанатты, дүние тән алды. Ту – тар мағынада мемлекеттің рәмзі, ұлылық символына айналды. Әскерлеріне жауынгерлік рух арнау, олардың көңіл-күйін көтеру, жігерін шынықтыру мақсатында соғыс алаңдарында жоғары желбіреп тұрды. Ту ең сенімді батырлар тарапынан қорғалды. Кенеттен, қаңғырған оқ келіп ту көтерген жауынгерге тисе де, ту топыраққа сұғылмады – тез арада, оның орнын басқасы иеледі. Бұдан мақсат, соғыс алаңдарындағыларға ту көрінбей қалмасын.

Сайыпқыран бабамыз заманында туды төмен ұстау яки сарбаздың қолынан түсіп кетуі қасиетсіз болып саналған. Тудың төменге түсірілуі жеңіліс пен артқа шегіну ишарасы болған.



2-шығармашылық қызмет



1. Әмір Темір жасақтары соғысқа кіргенде туға қандай қатынас білдірген?
2. Соғыс майданында тудың жоғары желбіреуі жауынгерлерді қалай рухтандырады?
3. Туды көтерген жауынгердің жағдайын қалай көз алдыңа келтіресің?





ЖАДЫҢДА ТҮТ!



Өзбекстан Республикасы мемлекет туында бейнеленген жарты ай – Өзбекстан халқының көп ғасырлық дәстүрлеріне сай келеді. Жарты ай мен жұлдыздар ашық аспан және тыныштықтың рәмізі. Тудағы 12 жұлдыз бейнесі кемелділік белгісі.



Қарақалпақстан Республикасының туындағы жаңа шыққан ай мұсылмандардың қасиетті рәмізі болса, бес жұлдыздың суреті Қарақалпақстанның көне және гүлденген бес қаласы – қарақалпақстандықтар тұрмыс және сенім

қорғандарының рәмізі болып саналады.



Отбасы ортасында

1. Мемлекетіміздің туы қандай іс-шараларда жоғары көтеріледі? Мысалдармен негіздеп бер (халықаралық жарыстар, мерекелі күндер...).
2. «Мемлекетіміз рәміздеріне құрметпен қатынаста болу» дегенде нені түсінесің?
3. Үлкендердің көмегімен өз отбасың (мектеп, махалла, қала да болуы мүмкін) рәмізін сыз.
4. Дәптеріңе төмендегі кестені сызып, торларды толтыр.

Мемлекетіміз рәміздері	Қабылданған күні	Пішіні	Ай мен жұлдыздардың мағыналары	Түстердің мағыналары	Басқа белгілердің мағыналары
Ту					
Герб					



10-ТАҚЫРЫП: ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСАУ ХИКМЕТІ

Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



1. Кімге де болса жақсылық жасағаныңда нені сезінесің?
2. «Жақсылық жасау» дегенде нені түсінесің?
3. Досың үйге берілген тапсырманы орындамай келді. Сен оған дәптеріңнен көшіруге рұқсат бердің. Бұл сеніңше жақсылық па?



ЖАҚСЫЛЫҚТЫҢ МАРАПАТЫ

Рустам аға баласы Абдуллохтың операциясы үшін қажет болған ақшаны табу мақсатында үйін сатуға қойды. Үйдің тез сатылуын есіткен, сатып алушылардың ізі үзілмей қалды. Таңертеңнен қақпа алдына машина келіп тоқтады. «Рустам аға, өзіңізсіз бе?» – құшақ ашып келе бастады машинада түскен қонақ. Рустам аға курстасы Қайратты таныды. Екі дос қуанып көрісті және үй иесі қонақты үй ішіне шақырды.

– Аға, сізбен жан деп таң атқанша сөйлесіп отыратын еді-ау, бірақ үйге қайтуым керек, жол алыс, ертең шетелдік әріптестермен кездесуім бар, – деп әңгімесін жалғастырды Қайрат аға. – Есіңізде болса, ауыр жағдайда ауруханада жатқанымда менің жағдайымнан хабар алуға барып, қолыма ақша беріп кеткен едіңіз.

– Мұндай оқиғаны есіме ала алмай жатырмын, – деді Рустам аға ұялғаннан беті қызарып.

– Маған берген сол ақшаңызды жинап, жүзім сатып алдым. Қазір сол жүзімдерім қыруар жеміс беріп жатыр. Сіздің ақшаңызға егілген көшеттерден үлесіңізді алып келдім, – деп ризашылығын білдірді Қайрат аға.





II тарау. Өдеп – адам көркі

Қайрат аға машинаның жүксалғышын ашып, үлкен қара сөмкені Рустам ағаның қолына ұстатты. «Досым мейіз алып келіпті», деп ойлап, қонақтың қолын қайтара алмады Рустам аға.

Қиялынан баласы кетпей жатқан Рустам аға Қайрат аға тастап кеткен сөмкені ашып, таң қалды. Онда баласының операциясынан да артып қалатын ақша бар еді...



1-шығармашылық қызмет

1. «Жақсылық жаса, оны ұмыт» мақалын әңгімемен байланыстыр.
2. Пайдасын көздеп жасалған қайырлы істі жақсылық деуге бола ма?
3. «Әрбір сауап жұмыстың марапаты бар» хикметіне өмірлік мысал келтір.
4. Апта басында жасаған жұмыстарыңды жазып, төмендегі кестені толтыр.

Т/н	Жақсы әрекеттерім	Жаман әрекеттерім	
		Түзеттім	Түзете алмадым




Хикмет

Қолыңнан келсе жақсылық жаса. Жақсылық жасай алмасаң, ең болмағанда, жамандық жасама.



Отбасы ортасында

1. Бір күнде неше рет жақсылық жасайсың?
2. Сенің қиялыңдағы жақсылық қандай түсте?
3. Жақсылықтың дәмін неге ұқсатасың?
4. Жақсылықты суретте көрсетіп бер.



Алдыңда 3 жол бар. Бұл жолдардағы тапсырмаларды оқып шық, олардың бірін таңда. Таңдағаныңды сипаттап бер.



ИЛХОМЖАН НЕ ІСТЕСІН?

Илхомжан мектеп ауласына асығып кіріп келді. Үйірмеге кеш қалғаны үшін жанына ұшып өткен допты да, стадиондағы оқушылардың сөздеріне де назар аудармады.

Жоғары сынып оқушыларының бірі оған: «Көзің бар ма, допты қайтарсаң болады ғой!» – деп бақырды.

Илхомжан үндемей жолында жалғастырды. Жоғары сыныпта оқитын Давронның допты оған қарап тепкенін көрмей қалды. Артына келіп соғылған қатты соққыдан Илхомжан даудырап қалды.

– Не, сөзге түсінбейсің бе? Допты теуіп жіберсең, кеміп қалар ма едің? – бақырды Даврон.

– Кешіресіз, мен жаттығуға кеш қалып жатқан едім, – деді Илхомжан.

Бір мезетте, оның айналасын футбол ойнап жатқан жоғары сынып оқушылары қоршап алды.

– Үлкендердің құрметін орнына қоюды саған үйретілмеген бе? – деп Даврон Илхомжанның сөмкесінен тартты.

– Мен үйірмеге баруым керек, – деп Илхомжан жолын жалғастырмақ болды.

– Маған қара, алдымен өзіңнен үлкендерге қызмет етуді үйрен, мақұл ма?

Даврон Илхомжанның желкесінен ұстады. Илхомжан не істерін білмей сасып қалды...



2-шығармашылық қызмет

1. Сеніңше, бұл жерде кім қате жасады?
2. Давронның орнында болғаныңда не істер едің?
3. Бұл сияқты жағдай болмауы үшін не істеу керек?
4. Егер сен сол жерде болғаныңда не істеген болар едің?
5. Өңгімені жалғастыр.




11–12-ТАҚЫРЫПТАР: МҮМКІНДІК ПЕН ҚАЙРАТТЫЛЫҚ

Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



1. Мүмкіндік не?
2. Бар мүмкіндіктерден қалай пайдаланасың?
3. Мүмкіндігіңді санап көргенсің бе?
4. Мүмкіндігіңді қаншалықты қадірлейсің?
5. Суреттегі баланың қандай мүмкіндігі бар?



* * *

Білесің бе, «денсаулығынан мүмкіндігі шектелген» деген сөз, көбінесе, тума мүгедек яки жазатайым оқиғадан бірер дене мүшесін жоғалтқан, науқастанып қалған адамдарға қарата жұмсалады.

Адамға армандарына қол жеткізуі үшін дене тұрғысынан кемшілік тосқауыл бола алады ма?



Аарон Фотерингем атты атақты спортшы бар. Ол мүмкіндігі шектелгендер арбасына шегеленіп қалған. Алдына қойған, анық мақсатына қол жеткізуге жолындағы тынымсыз еңбегі мен әрекеттерінен ол спортта даңқ шығара алды. Ааронның арбасында тұрып, орындайтын жылдам әрекеттері көрермендерді таң қалдырады.

– Өмір саған отыру үшін арба берсе, ол саған тосық болуына жол берме. Керісінше, онда ұшу үшін өзінде күш тап! – дейді спортшы.



1-шығармашылық қызмет

Суретке назар аудар. Бұл адамдар өз мүмкіндіктерінен қалай пайдалануда? Олардың қайраттылығына баға бер.





2-шығармашылық қызмет



1. Нелер адамның дене денсаулығы үшін қатаң қауіп төндіреді?
2. Төмендегі қайсы салдар адам денсаулығына бір өмірлік жарақат жеткізуі мүмкін?
3. Қауіпті жарақаттардың алдын алу мүмкін бе?

Суда өзін ұстау ережелерін бұзу

Күнделікті өмірдегі қауіптер

Жол ережелерін сақтамау

Туылғанынан

Тауларда кейбір ережелерді сақтамау

Табиғи апаттар

Басынан өткізген ауру



Хикмет



Дене тұрғысынан кемістік емес, мақсаттың жетіспеушілігі адамның мүмкіндігін шектейді. Бұл өмірде ешкімнің мүмкіндігі шектелмеген. Керісінше, баршаның өзіне тән дарыны бар. Жетістіктің негізі – жаттығу мен әрекет. Ұмтылғанның әрдайым жолы болады.



II тарау. Өдеп – адам көркі

Өрдайым биз мүмкіндігі шектелгендерге жәрдем беру, оларға шынайы қатынаста болу, жақсылық жасау үшін көмек қолын созу арқылы оларға мейір көрсетеміз.

Жақсылық жасау – бұл...

достықты ұсыну;

ілтипатты болу;

қиын жағдайларда қолдау;

сабақтарды даярлауда ынтымақтық жасау;

қызық кітапты біргелікте оқу;

күнделікті тұрмыста көмек беру;

жолды кесіп өтуде серіктік жасау;

мейір-шапағат көрсету.



3-шығармашылық қызмет

1. Сен денсаулығынан мүмкіндігі шектелген адамдарға не деп үндеу айтқан болар едің?
2. Аарон Фотерингемнің тағдырынан қандай өмірлік сабақ алдың?
3. Денсаулығынан мүмкіндігі шектелген балалар үшін қандай қызық, көңіл көтеретін ойындарды ұсынуың мүмкін? Мұның жобасын түзуге әрекет жаса. Үлкендерден кеңес сұра.



Әдепті бала дене тұрғысынан мүмкіндігі шектелген адамдармен сұхбатта төмендегі ережелерді ұмытпау қажет:

1. Шырын сөздермен рухтандыру, жақсы мәміледе болу;
2. Мүгедектік арбасындағы адамдармен сұхбаттасқанда, оларға иіліп, денесін иіп сөйлесу, бұл өзара құрметті білдіреді;
3. Сөйлеуінде нұқсаны болған адамдарға қысқа, жауап қайтару оңай болған сұрақтарды беру;
4. Есіту, көруге қиналатын адамдардан олармен қай жерде және қандай әдісте сұхбаттасу қолайлы екендігін сұрау.

4-шығармашылық қызмет



1. Көздеріңді жұм және қағазға үй яки күннің суретін салуға әрекет жаса. Тапсырманы орындай алдың ба? Мұны істеу қиын болды ма?
2. Көзіңді матамен байлап, сөредегі кітапты алуға әрекет жаса. Тапсырманы орындай алдың ба? Жолды көрмей тұрып бара жатқаныңда нені сезіндің?
3. Бір қолыңмен аяқ киіміңнің бауын яки басқа нәрсені байлауға әрекет жасап көр. Істей алдың ба? Бұл тапсырманы орындап жатқаныңда екінші қолыңды да істеткің келді ме?

Отбасы ортасында



Отбасы мүшелеріңмен шүкірлік ету және қайраттылық туралы сұхбаттас. Шағын әңгіме түз.



13-ТАҚЫРЫП: ШЫНШЫЛДЫҚ



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. Қате жұмыс істеп қойдың. Оны жасыру үшін өтірік айтқансың ба?
2. Не үшін өтіріктің өмірі қысқа дейді?
3. Өтірік сөйлеуді не үшін жаман әдет деп сипаттаймыз?
4. Шыншылдық туралы әңгімелер білесің бе?

АРЫСТАН МЕН ДУРРАЖ

Бір орманда Арыстан мен Дурраж жасайтын екен. Арыстанның кішкене ғана баласы болып, ол әлі жүруді білмес екен. Анасы оны өте жақсы көретін. Оны құмырсқа өлтірмесін деп, әрдайым анасы тісінде тістеп алып жүрер екен. Күндердің бір күні Арыстан баласын тістеп алып жүргенінде Дурраж пір етіп, арыстанның басы үстінен ұшып өтіпті. Арыстан шошып кетіп, баласын қатты тістеп алыпты. Баласының жаны ауырып, жылап жіберіпті. Арыстан бұл істен өте қапа болыпты. Ол баласының жара болған жерін тілімен жалап-жалап қойыпты. Баласы тынышталыпты.





Дурраж Арыстанды әрдайым осылай шошындырып жүруді әдет етіпті. Сөйтіп, Арыстан Дурражбен достаспақ болыпты және оған: «Кел, осы орманда бірге дос болып, тыныш жасайық... Сен өлеңдер айтып, мені сүйсіндір. Бірер адам сені қапа қылса, мен барша уақыт саған көмек берейін», – депті. «Мақұл, кел, дос боламыз», – депті Дурраж да.

Күндердің бір күні Дурраж: «Мен тұзаққа түстім, көмек бер!» – деп бақырыпты. Арыстан көмек беру үшін жүгіріпті. Қараса, Дурраж оны алдапты. Ол ешқандай тұзаққа түспеген екен. Арыстан досынан қапа болыпты. Оған қарап: «Өтірік айтпағын, өтірікші ел алдында ұялып қалады», – депті. Бірақ Дурраж Арыстанның сөзіне құлақ салмапты, өтірікшілігін, алдауын қоймапты.

Күндердің бір күні Дурраж шынында аңшы қойған тұзаққа түсіп қалыпты. «Дат! Мені ұстап алады! Жәрдем беріңдер!» – деп бар даусымен бақырыпты. Арыстан оны есітіпті. Көмекке бармақшы болыпты, кейін ойлап қалыпты:

«Әрдайымғыдай бұл ретте де, мені алдап жатқан шығар. Бармаймын», – депті де, ізіне қайтыпты.

Әлішер Науаи



Шығармашылық қызмет



1. «Арыстан мен Дурраж» әңгімесінен қандай қорытындыға келдің?
2. Дурраж дос болудың қайсы ережелерін бұзды?
3. Дурраждың өтірікші екендігі қандай салдарға алып келді?



Хикмет

Өзіңнің зияныңа болса да, әрдайым тура сөйле. Шыншылдықта хикмет көп.



Отбасы ортасында

1. Сен досыңның өтірікші екендігін білсең, онымен достасуды жалғастыратын ба едің?
2. Үлкендерден осылай жағдайда олар не істегенін сұра.
3. Нүктелер орнына түсіріп қалдырылған сөздерді қой.
«Өтірік ..., өтірікші ел алдында ... қалады».
4. Өтірік сөйлемей туралы тағы да қандай әңгімелерді білесің?
5. Төмендегі берілген сөйлемдерді тура және өтірікке ажыратып, қажетті қаптарға сал. Қаптардың түсі ақ және қара екендігін түсіндір.

1. Ауа-райы жаман болғанда мектепке бару шарт емес.
2. Жексенбі күні сабақ дайындамаса да болады.
3. Анам үйде жоқ кездерінде де тапсырмаларымды орындауым керек.
4. Көркем кітаптарды көп оқу керек.
5. Тек бос уақытта телефонда ойындарды ойнау жақсы болады.



6. Сабақтарды өз уақытыңда орындау керек.
7. Біреудің нәрсесін рұқсатсыз алмау керек.
8. Айыпты жұмыс жасағанда дереу кешірім сұрау керек.
9. Өзінен кішілерді құрмет ету керек.



14–15-ТАҚЫРЫПТАР: АДАЛДЫҚ– ЖЕТИСТІК КІЛТІ

Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



1. Не үшін адал адамға қарағанда шыншыл сөзі қолданылады?
2. Адам адал болуы үшін нелерге назар аудару керек?
3. «Біреудің ақысы» дегенде нені түсінесің?

Бір күні наубайшы ауыл ақсақалының алдына барып, дүкеншінің үстінен арыз жасапты. «Мен одан нан үшін күнде 1 кг сары май сатып аламын. Бүгін алған сары майды таразыда тартсам, қадақта 800 грамм сары май бар екен. Ол әр кез 200 грамм сары май ұрып қалса, менің наным дәмді шықпайды, күйзеліске ұшыраймын. Сенің алдыңа әділет қалап келдім», – депті наубайшы ақсақалға.

Көп өтпей, дүкеншіні алып келді. Өзіне қойылған айыптауды есіткен дүкенші алдымен, ашуы шығып кетті. Біраз уақыт өтіп, жайшылықпен сөз бастады:





«Ақсақал, бүгін әдетінше таңертеңнен науайханадан нан алып, соң дүкенге барған едім. Сары май өлшеп жатқанымда таразының тасын таба алмадым. Соның үшін таразыға наубайшыдан алған ыстық нанның екеуін қойған едім. Себебі наубайшы нанды маған сатып жатқанда, оның 500 грамм екенін айтқан еді».

Ақсақал біраз ойға шомып, наубайшының дүкеніндегі ыстық наннан бірнешеуін алып келуін сұрады. Алып келінген нандарды өлшеп көрсе, олардың баршасы мөлшерінен әжептәуір жеңіл.

Тиісті жазаны алған наубайшы ауылдастарының алдында ұяттан шарасыз қалыпты.



1-шығармашылық қызмет

1. Наубайшы не себептен ұялып қалды?
2. Өңгімеден қандай қорытынды шығардың?
3. Өңгімеге тақырып қой.
4. Бір күнде неше рет біреудің ақысына душар келесің?
5. Төмендегі мақал мен хикметтерді толтыр.

1. Жақсылықты, алдымен, _____ жаса.
2. Жамандықпен _____ қол жеткізіп болмайды.
3. Кім жақсылық жасаса, өзі де _____ көреді.
4. Бүтін өмірің барысында _____ болуды қаласаң _____ бол.
5. _____ ең жақын тұратыны – адалдық болады.

(Пайдалану үшін сөздер: ұлылыққа, бақытты, адал, жақсылық, ата-анаңа, адалдыққа)



Отбасы ортасында



1. Нүктелер орнына төмендегі суреттерде берілген сапаларды қой. Пікіріңді негіздеп бер. Әділетті және адал адам ...
2. Жасырынған әріптерден хикметті сөзді тап.

Бірінші болып көмекке келеді

Сенімді және жанқияр дос болады



Жетістікке оңай қол жеткізеді

Керек кезде әрдайым жаныңда тұрады

Оған барша әуестенеді

Өтірік сөйлемейді

Әрдайым құрметке ие болады

Ақиқатты айтудан қорықпайды

к	д	ә	д	б	л	е	т	р	к
д	ү	с	а	і	д	а	з	т	д
в	у	ш	л	д	һ	ш	қ	у	е
с	е	б	к	с	у	н	х	и	т



Хикмет



Шыншылдықта қауіп-қатер көрсең де тура сөйле. Сонда қайыр табасың. Дегенмен пайда көріп тұрған болсаң да, өтіріктен сақтан. Себебі өтіріктің ақыры жаман болады.



Қосымша оқу үшін

АДАЛДЫҚ ҰРЫҒЫ

Табысты кәсіпкер зейнетке шығуға дайындық көре бастапты. Ол жұмысын жалғастырушы үш шақты орынбасарын шақырып, қолдарына біреуден ұрық беріпті.

«Мен кейінгі бастықты таңдауым керек. Сен бұл ұрықтарды ек, жақсы өсіріп, екі айдан кейін маған оларды алып кел. Ұрықтардың жағдайына қарап мен компанияны кім басқаруын айтамын», – депті.

Арадан екі ай өтіп, үш орынбасар қолдарындағы түбекпен компания бастығы алдына келіпті. Олардың біреуінің гүл түбегі бос екен.

«Таң қалдым!» – депті бастық үш шақты орынбасарына қарап. Соң компания бастығын айтыпты. Компанияның жаңа бастығы – түбегінде гүл өнбеген орынбасар еді. Себебі компания бастығы әдейі ұрықтарды қайнатып, өнбейтіндей етіп берген еді.



2-шығармашылық қызмет

1. Сен бастықтың орнында не істеген болар едің?
2. Адал және шыншыл болудың нәтижесі неде екен?
3. Адал болу үшін нелерге назар аудару керек?
4. Не үшін «адалдық – жетістіктер кілті» делінеді?



ҚАЙТАЛАУ

Өзіндік жұмыс



1. Өзіндегі сахна, ділмарлық пен шығармашылдық шеберлігіңді сынап көр.
2. Төмендегі әңгіме мен аңыздарды кішкене сахна көрінісінде көрсет.

1. Шәкірт ұстазынан сұрады:
 – Егер менің жығылғандығым туралы хабар келсе, сіз не деген болар едіңіз?
 – Орныңнан тұр!
 – Кейінгі ретші?
 – Тағы да орныңнан тұр!
 – Бұл жығылып, тағы да тұрулар қанша жалғасуы мүмкін?
 – Есінде болсын! Тірі екенсің, жығылдың ба, орныңнан тұр! Бұл жарық әлемнен өткен адам ғана жығылса, орнынан тұрмайды.

2. Күндердің бірінде, данышпанның алдына бір адам келіп, өзінің өмірінен арыз жасады. Ол барша нәрседен наразы еді – бойынан да, бетінен де, ақылынан да. Мұның үстіне, көп нәрселерді істей алмауынан налыды.

Данышпан оның налуын ұзақ тыңдап тұрды. Кейін оның қолынан ұстап, баққа алып кірді:

– Қара, – деді ол. – Міне, қарағай мен алма ағашы. Бұл ағаштардың қайсы бірі әдемі және пайдалырақ?

– Оларды қандай салыстыру мүмкін? Бұлардың екеуі де адамдарға керек және екеуі де жақсы!

– Қош, неге сен өзінді басқалармен салыстырасың және өзінді олардан жамандау деп ойлайсың?! Әрбір адам да ағаш сияқты өзгелерге пайдасы тиеді.



Хикмет



Жақсы адам жақсылық жасай алатын емес, жамандық жасауды білмейтін адам.



16-ТАҚЫРЫП: ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. Не үшін «Тілге құрмет – елге құрмет» делінеді?
2. Ана тілңде сөйлегенде басқа тілдердегі сөздерден қаншалықты пайдаланасың?
3. Тілге қандай құрмет көрсетілуін білесің бе?
4. Қайсы шет тілдерін үйреніп жатырсың? Не үшін?

ТІЛ МЕН ЕЛ

Көне заманда азат және абат бір мемлекет бар еді. Бұл жерде адамдар бақытты жасайтын еді. Күндердің бірінде, бұл мемлекетке дұшпан шабуыл жасап, оны басып алыпты.

Дұшпан әскерлері мемлекет сарайын иелеген болса да, адамдарды өздерінің заң-ережелеріне бойсұндыра алмапты.

Дұшпандар патшасының басы қатыпты. Ол күн бойы қалайша бұл мемлекет халқының татулығына шек қойып, өз жағына аударып алу туралы ойлай бастапты. Бір күні уәзірдің айтқан қымбатты кеңесінен патша қуанып кетіпті.

«Патшам, бұл халықты біріктіріп тұрған нәрсе, бұл– олардың ана тілі болады. Егер біз оларды өзіміздің





тілде сөйлесуге үйретсек, олар ана тілдерін ұмытады және ынтымақтары да жоғалады», – депті уәзір.

Сонда патша жарлық шығарып, өз тілінен бас тартқан және бөгде тілде сөйлесетін азаматтарға сыйлық, жақсы жұмыс пен жеңілдіктер беруді бұйырыпты. Патшаның уәделеріне ұшқан кейбір адамдар өз тілдерін ұмыта бастапты.

Нәтижеде халықтың ұйымшылдығы мен адамдар ортасында мейір-шапағат жоғалыпты. Патшаның сыйларына ұшып, өз аға-інілерін де дұшпанға ұстап беретін сатқындар пайда болыпты. Солайша дұшпан бұл халықты ұзақ жылдар оңайлықпен басқарыпты.

«Егер бірер ұлтты жоғалтпақ болсаң, алдымен, оның ана тілін жоғалт», – деген екен сонда дұшпан патшасы.

Шығармашылық қызмет



1. Патшаның «Егер бірер ұлтты жоғалтпақ болсаң, алдымен, оның ана тілін жоғалт» деген пікірін сен қалай түсіндің?
2. Тілін ұмытқан халық тағы да нелерді жоғалтады?
3. Тілімізді ұмытпау үшін нелер істеуіміз керек?

Хикмет



«Қанша көп тілді білсең, сонша жақсы. Бірақ адам ана тілінде ойлайды, ана тілінде түс көреді, ана тілінде жылайды...»

Утқир Хошимов



17–18-ТАҚЫРЫПТАР: ҮНЕМДЕУШІЛІК



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. Нелерді үнемдеу керек?
2. «Уақытың кетті, қолдағы кетті» деген мақалды есіткенсің бе? Қалайша уақытты үнемдеуге болады?
3. Денсаулықты да үнемдеуге бола ма?
4. Табиғат игіліктерін қандай үнемдеу керек?

Сәлімжан дене тәрбие сабағынан соң, қарны өте ашқанын сезді. Жүгірген бойы мектеп асханасына кірді. Тамақ, тәттілер, әсіресе, үстіне шекерлі су себілген жұмсақ тәтті күлшелердің жағымды иісі жұтқыншағынды қытықтайтын еді. Сәлімжан асыға бірінші және екінші тамақты алды. Салат, шарбаттарды патносқа қойды. Нан алу үшін қолын ұзатты.

– Әй, балам, мұнша нанды жей алмайсың. Қарның тоймаса, тағы да аларсың, тәтті күлше де алыпсың ғой, – деді аспаз апай.

– Барлығын жеймін, қарным өте аш, – деді көздерін үлкен-үлкен етіп Сәлімжан.

– Ас болсын, балам, нанды ысырап қылмандар деймін, – деді күйініп аспаз апай.

Сәлімжан шарбат ішіп, тәтті күлшені жеп алды. Бірінші тамақты жартысына дейін ішті. Екінші тамақты мүлдем жей алмады. Нандар да ыдыста қалды...



1-шығармашылық қызмет

1. Сенде де осындай жағдайлар болады ма?
2. Сәлімжанның әрекеттеріне баға бер.
3. Бұл әңгімені отбасы ортасында айтып бер. Оның негізінде өзіңнің ас мәзірінді түзуге әрекет жаса.



2-шығармашылық қызмет



Сөздердің қатысуында мәтін құрастыр:

1. Ысырапшылық, үнемдеушілік, құт-береке, байлық, жомарттық, сараңдық, сахилық, кәсіпкер, ризашылдық, сабыр.
2. Түсіріп қалдырылған сөздерді тап.
 - а) _____ отбасына береке алып келеді;
 - ә) _____ ысырапқа жол бермеу;
 - б) _____ өлшеп, бір кес.
 - в) _____ көл болар;
 - г) _____ қылған мұратына жетер.

(Пайдалану үшін сөздер: *сабыр, үнемдеушілік, жеті, үнемдеушілік – бұл, тама-тама*).

Өміріміз барысында бізге керек болатын дағдылар қатарында үнемдеушілік те бар.

1. Тағамды ысырап қылма. Ыдысқа жеуге көзің жеткен мөлшерде тамақ салдыруға үйрен. Әйтпесе, тағам ысырап болады.

2. Қағазды ысырап қылма. Әр жылы қағаз даярлау үшін дүниежүзі бойынша миллиондаған ағаштар кесіледі. Егер сен қағазды үнемдесең, ағаштарды да сақтап қалған боласың.

3. Суды ысырап қылма. Қол-бет яки тіс жуып жатқанда шүмекті ашық қалдырма. Таза су – табиғаттың құнды игілігі.

4. Уақытты ысырап қылма. Уақыт – бізге берілген ең үлкен байлық. Күн тәртібіне қатаң сақтауға әдеттен. Басқалардың уақытын да босқа кеткізбе.

5. Табиғи байлықтарды ысырап қылма. Табиғат қойнауынан алынатын байлықтардың да соңы





бар. Бізден кейінгі жасайтын адамдар да олардан пайдалануы қажет.

6. Денсаулығыңды сақта. Киіну мен тамақтану мәдениетін сақтауға әдеттен. Спортпен шұғылданғанда, арнайы спорт киімі мен, әсіресе, аяқ киімнің сай келетінін таңдауды ұмытпа. Киімді таза және мұнтаздай сақтау да үнемдеушілік белгісі болады.



3-шығармашылық қызмет

Суреттерге мұқияттықпен қара. Төмендегі сөздерден пайдаланып, бұл суреттер жәрдемінде тақырыпқа тиісті сөйлемдер құрастыр.

Сөздер: үнемдеушілік, ысырап, ризашылдық, салауттық, электр энергиясы, су, уақыт, киім-кешек, мектеп мүлкі, оқу құралдары.





4-шығармашылық қызмет



1. Ыдыстарды жуу үшін 50 литр, шомылу үшін 300 литр, душ қабылдауда 1 минутта 20 литр, кір жуу машинасында әр кез 100 литр, 3 минут барысында тіс жууымыз үшін 30 литр су жұмсалар екен. Не деп ойлайсың, судың мұншалық көп жұмсалуы қандай салдарға алып келуі мүмкін?
2. Суреттер тұрғысынан қатынас білдір.

Хикмет



«Нені қор қылсаң, соған зар боласың».

Халық мақалы



Билесің бе?

1. 22 наурыз – Дүниежүзілік су күні.
2. Адам кеудесінің ауырлығына қарап 2% шамалы (1–1,5 л) су жоғалтса, суға қанбау пайда болады, 8–10% жоғалтса, есінен таңады, 12% жоғалтса, өледі.
3. Адам өмірі үшін қажетті болған тұщы су көп емес, ол табиғи сулар жалпы өлшемінің 3 %-ын құрайды.



Отбасы ортасында

Үлкендердің көмегімен кестені толтыр:

- а) үлкендер көмегімен үйіңе қойылған электр энергиясы, су, газ есептеуіштерінің нөмірлерін қара және берілген кестені толтыр (1-күн, нөмірлер);
- ә) кейінгі күні осы уақытта есептеуіштерді тағы да бір рет көріп шық және нөмірлерді белгіле. Бір күндік жұмсалатын электр энергиясы, су, газдың бағасын анықта (2-күн);
- б) ертеңіне күн барысында газ, электр энергиясы және суларды үнемде, қажеттіліктен артығын жұмсама. Алдыңғы күнмен айырмашылығын тап. 2-күндегі нөмірлерді 30-ға көбейт. 3-күндегі нөмірлерді де 30-ға көбейттір. Айырмашылығын анықта.

	1-күн	2-күн	3-күн	Бір айда 2-күн x 30	Бір айда 3-күн x 30
Күн					
Ішімдік суы					
Газ					
Электр энергиясы					



19-ТАҚЫРЫП: ҚАСИЕТТЕР – АДАМНЫҢ КӨРКІ

Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



1. «Жауапты болу» дегенде нені түсінесің?
2. Өзіңнің істейтін жұмысың яки әрекеттеріңді қалайша жүзеге асыруды жоспар етесің бе?
3. «Адамның ең бақытты уақыты – басқаларға жақсылық жасаған кездері» деген хикметті түсіндіріп бер.
4. Жақсы адам болу үшін қандай қасиеттерге ие болу керек? Торлардағы сөздерден жақсы адам болу үшін қажеттілерін ажырат.





Ғылым мен өнер дамыған Афинада данышпан Сократтың құрметі жоғары болған. Адамдар басына қиыншылық түссе, бірер мәселені шешуге қиналса яки кітаптардан сұрақтарына жауап таба алмаса Сократтан сұраған.

Бір күні пәлсапашының жолын өсекші танысы тосыпты. Ол Сократтың жақын досы туралы таралған жаңалықты айтпақшы болыпты.

– Досым, бір минут асықпа, – деді Сократ салмақтықпен. – Маған айтпақшы болған хабарыңды алдымен мен жақында ойлап тапқан «Үш елеуіш» емтиханынан өткізіп көрсек, әр екеуіміз үшін пайдалы болар еді.

Данышпанның өнертапқышына қызығып қалған сұхбаттасы бұл шартқа дереу көне қалыпты.

– Маған досым жөніндегі хабарды айтудан алдын, оны үш рет мия сананда елеуіштен өткізіп, әбден елеп көреміз. Бірінші елеуіш – ақиқат. Маған айтшы, досыммен байланысты оқиғаға куәгер болдың ба? Оның сөзсіз ақиқат екеніне сенімдімісің?





- Жоқ. Дұрысы, мұны өзім де біреуден есіттім.
- Түсінікті. Хабардың дұрыс яки өтірік екендігін өзің де білмейсің. Кел, енді екінші елеуішті көтерсек. Оның аты – жақсылық. Бұл хабардан досым бірер жақсылық табады ма?
- Жоқ, білмеймін, – мыңғырлады жолтосар.
- Хабардың туралығын білмесең, оның досыма бірер пайдасы тимесе... Иә, жарайды, үшінші елеуіштен не шығар екен, көреміз. Оны «жақсы хабар» деп атадым. Маған айтпақ болған сөзің жағымсыз ба?
- Иә, жаңағы досыңның отбасы...
- Жақсы, – Сократ «хабаршының» сөзін бөліп, оған тігілді. – Онда саған емтихан нәтижесін айттайын: егер де, айтатын сөзің туралығына кәміл болмасаң, оның біреуге пайдасы тимей, зияны тиетін болса, өзіңді де, саған құлақ салған ақымақтың да уақытын ұрлама.



Шығармашылық қызмет

1. Әңгімеге тақырып қой.
2. Әңгіме негізінде төмендегі кестені толтыр.

Ақиқат	Жақсылық	Қуанышты хабар

3. Әңгімеден қандай қорытындыға келдің?
4. Түсіріп қалдырылған сөздерді қой.
Маған айтшы, досыммен байланысты оқиғаға _____ болдың ба, оның мүлдем _____ екеніне сенімдісің бе?
Бұл хабардан досым бірер _____ табады ма?
Егер де, айтатын сөзің _____ на _____ болмасаң, оның біреуге _____ тимей, _____ жететін болса, өзіңді де, саған құлақ салған ақымақтың да _____ ұрлама.
5. Сен өзіңде қандай қасиеттерді қалыптастыруды қалайсың?



Отбасы ортасында

1. Досың туралы бирер жағымсыз хабар еситсең, не үшін оның жағдайын сұрау керек деп санайсың?
2. Бирер адам туралы жаман сөздерді тарату не делінеді? Мұның салдары қандай болады?
3. Өзіңнің қаситтерің туралы ойлап көр. Жаман әдеттерің де бар ма? Жаман әдеттеріңнен кешуге әрекет жасап көр.
4. Ашық жүзбен «Ассалому әлейкүм» деуге әрекет жаса. Бирнеше рет анық қайтала және ашық айт.
5. Төменде берілген хикметті отбасыңмен оқып, «қанағат», «пайдакүнемдік» деген сөздердің мазмұнын анықта.



Хикмет

Кімде-кім қанағатты өзіне кәсіп еткен болса, қанағат оны бай етеді. Алтын, күміспен әшекейлерді байлық деп білме, бәлкім шынайы байлық қанағат алтындары шығар. Қанағат алтыны ешқашан жоғалмайды. Сол алтынды алып, сол арқылы баюға әрекет жаса... Пайдакүнемдік кедейлердің жұмысы. Пайдакүнемдік жасаған адам кедей болады.

Әлішер Науаи



20-ТАҚЫРЫП: ЖЕТИСТІК – БІР ТОПҚА АЙНАЛУДА

Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



1. Топ не? Топта істеу саған ұнайды ма? Не үшін?
2. «Біріккен озар» деген ертегіні оқығансың ба? Не үшін ертегі «Біріккен озар» деп аталады?
3. Сен қандай істерді тобыңмен орындай аласың?
4. «Біргелікте үлкен күшпіз» дегенде нені түсінесің?

Көрші облыста сел келу салдарында көптеген адамдар үйсіз қалды.

Бұл хабарды есіткен ата-анам адамдарға қалай көмек бере алуымызды кеңес берді. «Жәбір көрген балаларға кітаптарымыздан береміз, олар да оқысын», – деді анашым бізге.

Өздері тұрмыс үшін қажетті болған шәйнек, пияла, көрпе-төсек, кілем, дастарқан, шашық сияқты нәрселерді әдемі етіп түйіп қойды.

– Ой-бо, бұларды біреулерге беріп жібереміз бе? – деп сұрады інім.

– Балажаным, елбасына іс түскенде ер адамның кім екендігі білінеді. Оларға көмек беруіміз керек, – түсіндірді анажаным. Інім де қолындағы кітаптарды байлап машинаға қарап жүгірді.

Машинаның арт орындығы алып тасталып, атам дүкеннен





II тарау. Өдеп – адам көркі



бір қап ұн, күріш, май және тағы да басқа өнімдерді артып келген екен.

– Әкежан, бұл нәрселер адамдардың барлығына жетпейді ғой? сұрадым аландап.

– Дұрыс айтасың, қызым! Бірақ, біз сияқты адамдар өте көп. Зиян көргендерді қолдау үшін сауап үмітінде көмекке асығып жатқан тек біз емес.

Атамның жасаған жұмыстарынан қанағаттану, батылдықтарын көріп, зиян көрген адамдарға көмек беру қалауы менде одан да артты.

– Біз бір мемлекетте жасаймыз, біріксек, әр қандай мәселені шеше аламыз, балам. Біріккен озар, – деді дәл біздей көмекке асыққан көрші ағай.

Алты жасар қарындасым ойыншық ыдыстары мен қуыршақтарын, мен кітаптарымды, досым Комилжон өзі жақсы көрген футбол добын машинаға жайғастырдық.

Сол күні отбасы ортасында адамның басына жаман тәшпіш түссе, жақсылардың көмегіне қаншалықты мұқтаж болуы, ауыр күнде қамқор болу, қолынан кел-





ген көмегін аямау адамның ең жақсы қасиеттерінің бірі екендігі туралы ұзақ сұхбаттастық.

Шығармашылық қызмет



Кестедегі әріптерді тура тәртіпте жайғастыру арқылы сөздерді құрастыр.

Алдымен тапсырманы өзің орында (1 минут), соң жұп болып (1 минут), кейін топтарға бірігіп топта сыныптастармен орында (1 минут).

Қ Ы Т А С Т Ы М Қ А Н Т Ы
Ы Т Д С О Қ
А Р А Ө З К М Ө Е К
Т С Ү Н І У
К І Т І С Т Е Ж

Қайсы жағдайда сен тапсырманы тезірек орындадың? Не үшін? Пікіріңді дәлелде.

Отбасы ортасында



1. Жоғарыдағы әңгімеге тақырып қой.
2. Қорытындыларыңмен бөліс.
3. 63–64-беттердегі сурттерге мұқияттылықпен қара және оларды «Біріккен озар, бірікпеген тозар» мақалымен байланыстырып сипатта.
4. Махалланда қандай жұмыстар біргелікте орындалады?



21-ТАҚЫРЫП: БАРША АДАМДАР ЗАҢ АЛДЫНДА ТЕҢ



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. «Теңдік» дегенде нені түсінесің?
2. Отбасында ата-әже, әке-шеше, аға-қарындас, әпке-інілеріңе бірдей қатынаста боласың ба? «Үлкендерге құрмет, кішілерге іззет» деген мақалды түсіндір.
3. Біреудің ақысына қиянат жасау адамдардың тең құқықтығына тиісті ме?
4. Сен махалланда достарыңмен ойнап жатырсың. Достарыңның бірі басқасына құрметсіздік етсе, қандай қатынас білдіресің?
5. Адам құқықтары жазылған кітаптың атын білесің бе?
6. «Құқық, борыш, жауапкершілік» дегенде нені түсінесің?
7. Сенің қандай құқық, борыш және жауапкершіліктерің бар? Кестені толтыр.

Менің құқым	Менің борышым	Менің жауапкершілігім



1. Өрбір суретке ат қой. Суреттерде қандай ережелер бұзылған? Бұл ережелерден сен қалай пайдаланасың?

2. Егер музыка ноталарының біреуі өлеңнің дауысы яки сөздерін бұзып айтса, бұл өлеңнің сапасына әсер етеді ме?

3. Қоғамдық ережелерді не үшін сақтау керек?

4. Теңдестеріңмен қандай ойындар ойнайсың? Ойын ережелерін еске ал.



II тарау. Өдеп – адам көркі



5. Төмендегі ережелерге сай суреттерді тауып қой.
- әрбіреуіміз денсаулығымызды сақтау құқына иеміз;
 - әрбір бала отбасында жасау және тәрбиелену, өз ата-анасын білу, олармен бірге жасау және олардың қамқорлығынан пайдалану құқына ие;
 - әлеуметтік қорғауға мұқтаж балалар қоғам өмірінде қатысуда басқа балалармен тең құқықты болады;
 - әрбір бала өзінің жасы, денсаулығы, әрі қажеттіліктеріне сай келетін дем алу және бос уақытқа болған құқыққа ие;
 - әрбір бала білім алу құқына ие;
 - барша балалар денсаулығына қауіп төндіретін яки оқуына кедергі беретін жұмыстардан қорғану құқына ие.



Отбасы ортасында



1. «Менің құқықтарым» тақырыбында сурет сал.

Салған суреттерінде төмендегілерге назар аудар:

- жеке мүлік құқына ие болу;
- бала пікір білдіру құқына ие;
- ешбір бала жеке және отабасылық өмірі, дербестігі яки өз құрметі мен абыройына заңға сәйкес болмаған, негізсіз, қауіп төндірілуі яки басқалардың оның өміріне заңсыз араласу нысаны болуы мүмкін емес.

2. Сен білім алу, денсаулықты сақтау, демалу, спортпен шұғылдану құқыңнан қалай пайдаланып жатырсың?

3. Абулқосим Фирдавсидің хикметті сөздерінде қандай мағына жасырынған?

Хикмет



**Жамандықты әдетке айландырма,
Жоққа қанағат ет, аштыққа төзімді бол.**

Абулқосим Фирдавси

Білесің бе?



1 маусым – Халықаралық балаларды қорғау күні.

20 қараша – Халықаралық балалар күні.



22–23-ТАҚЫРЫПТАР: ҚАУІПТІ ЖАҒДАЙЛАРДА НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. Шұғыл көмек беру туралы нелерді білесің?
2. Сен төтенше жағдайда кімге болса да көмек бергенсің бе?
3. Суретте берілген арнайы киімдегі жазу кімдерге тиісті? Олар немен шұғылданады?
4. Төмендегі суреттер негізінде, Төтенше жағдайлар министрлігі қызметкерлері не жұмыс істейтіндігін түсіндір.





Өзіндік жұмыс



1. Сен өрт, жер сілкіну, су тасқыны туралы шұғыл хабарды есіттің. Мұндай жағдайда өзіңді қалай тұтуды білесің бе?
2. Медициналық көмекті талап ететін жағдайлар болуы мүмкін (күйу, сыну, қан кетуі және басқа жарақаттар). «Шұғыл көмек» келгенге дейін жарақаттанған адамға қандай көмек беру мүмкіндігін ойлап көр.
3. Төмендегі суреттерде берілген жағдайларға дұшар келіп қалсаң, өзіңді қалай тұтасың? Дәрігерлер жетіп келгенге дейін жарақаттанған адамға қандай көмек бере аласың?



Жығылып түстің яки қолыңды күйдіріп алдың...



Күн ұрғанда

Күн ұрғанда бірінші көмек көрсету:

- жәбірленушіні көлеңке жерге яки салқын бөлмеге өткізу керек;
- оған суық сусын бер;
- басына суық шашық қой.



Сел келгенде және су тасқыны болғанда әрекеттену.



**Өрт болғанда
әрекеттену.**



Билесің бе?



Уланған адамға бірінші көмек көрсету:

- жәбірленушіге 3–4 стакан су яки қатық ішкізіледі;
- асқазан – 2–3 рет жуылады;
- активтендірілген көмір (таблеткада) беріледі;
- жылы су ішкізіледі;
- жәбірленген адамның үстін қалың, ыстық етіп орап жатқызылады.



Жер сілкінгенде әрекеттену.



Отбасы ортасында

1. Дене мүшелері кесілгенде яки сырылғанда бірінші көмек қалай көрсетіледі?
2. Аяқ (қол) сүйегі шыққанда қандай көмек беру керек?
3. Ыстық күнде күн ұруынан жәбірленген балаға қандай көмек беру керек?
4. Ойын кезінде бала жығылып, аяғын зақымдады. Оған қандай көмек беру керек?
5. Кесілген бармақтарды, аяқты қалай байлау керек?



24-ТАҚЫРЫП: БАҚЫТ ОТБАСЫНАН БАСТАЛАДЫ

Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



1. Не үшін отбасы қорғанға ұқсатылады?
2. Отбасының қорғаны кім және ол неден қорғайды?
3. Отбасы мүшелерің қандай тәртіп-ережелерді сақтайды?
4. Бұл ережелерді кім ойлап тапқан?
5. Отбасында бақытты өмір сүру үшін отбасы мүшелері бір-бірімен қандай қатынаста болуы керек?

СЫНАҚТАН ӨТКЕН БАЛАЛАР

Махмұт ата бұл жылы мектепке шыққан немересі Жамолиддинді сынап көрмекші болды. Соң оған әдеп пен тәртіп бойынша қанша сабақ берді. Үлкенінің ақылы әжептәуір кіріп қалды. Кәне, кішкенесі қаншалықты зерек екен? Ата жайлап диванға өтті. Аздап жанбастап, өзін ұйқыға салды.

– Ата...

Камолиддин есікті ашқан жерінде тоқтап қалды. Артынан Жамолиддин ішке кірмекші болды.

– Тыныш! – деді Камолиддин бармағын ерніне басып. – Атам ұйықтап қалыпты.

Жамолиддин ағасының алдынан жайлап өтті де, тонды алып, атасының үстіне жапты. Жайлап жақындап, бетінен сүйіп қойды. Камолиддин жақсы жабылмаған тонды жайлап дұрыстап қойды. Бұларды сезіп жатқан Махмұт атаның жүрегі жошып кетті. Көзіне жас келді. Дереу «оянып», парасатты және қамқор немерелерін қойнына басып





еркелетуді қалады. Амалдап өзін ұстады. Бірақ еріксіз жымып қойды.

– Атам оянған ұқсайды, – деді аяқ ұшында жүріп, артына қайтып жатқан Жамолиддин атасына қарап.

– Жоқ, атам шырын түс көріп жатыр, – деді Камолиддин інісінің жеңінен тартып, есікті жауып жатып.

– Бәлкім, біздерді көріп жатқан шығар?

– Иә, біздерді көріп жатыр!

Көңілі шырын сезімдерге және сенімге толған Махмұт ата тыныш ұйықтап қалды.



1-шығармашылық қызмет

1. Сурет дәптеріне отбасы мүшелеріңнің суретін сал.
2. Тағы бір қағазға қиялыңдағы үйіңнің суретін сал және онда кімдермен жасауыңды белгілеп шық.
3. Салған суретіңді сипаттап бер.





Билесің бе?



Отбасы – бұл адам үшін ең қымбатты мекен.
 Құрмет + тыныштық + келісім + қамқорлық +
 түсіну + дәстүрлерге сенімділік = бақыт.
 Өзбекстанда 2012 жыл «Отбасы жылы» деп атал-
 ған. 15 мамыр – Халықаралық отбасылар күні.

2-шығармашылық қызмет



1. Сен не деп ойлайсың, ынтымақты отбасы болу үшін не істеу керек?
2. Осы сөздерден ынтымақты отбасы болу туралы мәтін құрастырып көр: отбасы, мейір, құрмет, іззет, жақсылық, сабыр, әділет, түсіну, қадірлеу, сенімділік, қарапайымдылық, еңбексүгіштік, көмек. Тағы қандай сөздерді қосу мүмкін?

Отбасы ортасында



1. Қандай жағдайда ата-аналар өз перзенттері туралы: «Бұл менің қартайғандағы қорғаушым және тірегім», деп айтуы мүмкін?
2. Отбасың логотипін құрастыр. Оны сызып, мағынасын түсіндіріп бер.
3. Дәптерге бұл сөздерді жалғастырып жаз:
 Әкем мен анам мен үшін ең _____.
 Мен өзімнің құпияларымды _____.
 Мен атамды (әжемді) жақсы көруімнің себебі _____.
 Менің отбасым _____.





25-ТАҚЫРЫП: ОТБАСЫЛЫҚ КІТАПСҮЙГІШТІК – ЖЕТІСТІК ТІРЕГІ



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. Сен оқыған кітаптарының аттарын есте сақтап қалғансың ба? Бұл кітаптарды оқуды саған кім ұсынған?
2. Кітаптардан алған әсерлеріңді кімдермен бөлісесің?
3. «Кітап ең жақсы сыйлық» деген пікірге қосыласың ба?

Аңыздарға қарағанда, көне заманда бір билеуші уәзірлеріне тапсырма беріпті. «Маған осылай бір нәрсе алып кел, яғни оның көмегімен мен кешегі күнді, бүгінді және ертеңді көре алатын болай. Ол мені барлық оқиғалардан хабардар етсін».

Уәзірлер ойлап қалысыпты. Патшаға алдымен қылыш, кейін нан алып келіпті. Бірақ патша ашуланып, бұларды қабылдамапты.





«Үш күн мерзім беремін, егер жүйелі жауап таба алмасаңдар, баршаңды шөлге сүргін қыламын», – депті патша. Сарай ақсүйектері кеңесіп таудағы данышпанның алдына барыпты. Қария данышпан патшаның құзырына сандықпен келіпті. Сандықты ашқан уәзірлер таң қалыпты.



«Кітап!»

Данышпан патшаға осылай депті: «Дүниеде адам үшін ең ғазиз екі нәрсе бар. Бірі – нан, екіншісі кітап! Нан азық-түлік, тіріктік және дастарқан көркі саналса, кітап кеше не болғаны, бүгін не болып жатқаны және не болуын хикая қылады. Пәктік, иман бүтіндігі, рухани кемелдік те оның шарапатынан. Ұлы ғұламалар «Кітап оқымаған адам – надан, кітап кірмеген үй – қараңғы түнек!» – деп босқа айтпаған.

Данышпанның жауабынан қуанып кеткен патша оған әжептәуір алтын беріпті. Данышпан бұл сыйлыққа базардан кітаптар сатып алып, оны адамдарға таратыпты.



1-шығармашылық қызмет

Төмендегі кестеде берілген мақалдарды мазмұнына қарап бір-бірімен байланыстыр.

1.	Кітаптар – ең	а)	өмір мағынасын түсіндіретін достарым
2.	Айтудан алдын ойла. Ойлаудан алдын –	ә)	кітап оқу керек.
3.	Кітаптың бізге үйрететін ең үлкен сабағы –	б)	дана кеңесшілерім.
4.	Жасау үшін	в)	кітап оқы.
5.	Кітаптар –	г)	тура сөздік.



Отбасы ортасында

1. Отбасындағылардан сүйікті кітаптары туралы сұра.
2. Оқыған кітаптарыңды мазмұнына қарап ажырат.

Ертегі-лер	Әңгіме-лер	Энциклопедиялар	Мақалдар мен хикметтер

3. Кітаптарды қандай таңдау керек?
4. Егер кітаптар ең қымбат сыйлық болса, онда оларға қандай қатынаста болу керек?



2-шығармашылық қызмет

1. Барша отбасы мүшелеріңнің қалауларын үйреніп шығып, барша үшін қызық болған кітапты таңда.
2. Дем алу күні үйіңнің қонақ бөлмесі яки кітапханасында барша жиналуы үшін бір уақытты белгіле. Отбасы мүшелерің жиналған соң, олардан өздері үшін диван, креслода қолайлы орналасып алуын ұсын. Өзің таңдаған кітапты дауыс шығарып оқуды баста.
3. Алған әсерлеріңді бөлісуді және қызық шығарманы талқылауды ұмытпа.



Хикмет

Күндердің бір күні Лұқман әкімнен: «Сонша ілімді қалай жинадың?» – деп сұрапты. Сонда данышпан: «Кітап оқып жатқан кездерімде жандырған шырақтың майын есептесең, оның құны жеп-ішкен нәрселерімнен көбірек», – деп жауап берген екен.



26-ТАҚЫРЫП: АНА– ҰЛЫ ЗАТ

Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар



1. Не үшін аналарды «ұлы зат»деп айтады?
2. Сен анаңды жақсы көруіңді қалай сипаттайсың?

Бір адам алыс қаладағы анасына гүл жіберу үшін дүкенге барды. Гүл дүкеніне кіргенде жыламсырап отырған қыз оның назарын тартты. Қыздан қапа болу себебін сұрады.

– Анама өте ұнағаны үшін әрдайым қызыл раушангүл алатын едім. Бүгін ақшам жетпей тұр, – қыз жас тамшылаған көздерін ұқалап жауап қайтарды.

– Кел, осы гүлді сатып аламыз, – деді ол жымып.

Олар дүкенге кіріп қызға ұнаған раушангүл гүлшоғын сатып алды. Гүлге тапсырыс беріп, сыртқа шықты.

– Рахмет, сіз өте жақсы ағай екенсіз. Егер бос болсаңыз, бұл гүлдерді анашыма беріп келер едік. Олар жатқан аурухана – бұл жерге өте жақын, – деді қыз.

Жақсы аға қыздың сөздерінен әсерленіп кетті және оның артынан ерді. Олар қыздың анасы жатқан бөлмеге кіріп келгенде, қыз біраз уақыттан бері көрмеген анасын мықтап құшақтап, еріксіз жылап жіберді.





Анасына гүл жібермек болған ағай бұл кездесу кездейсоқ еместігін білді. Дереу гүл дүкеніне қайтып, өте әдемі гүлшоқты сатып алды. Туылып өскен қаласына, жолына ынтызар анасының жанына асықты. Анасы одан қымбат сыйлықтар емес, оның дидары, шырын сөзі, көңіл аударып күтіп жатқандығын түсінді.



Шығармашылық қызмет

1. Әңгіме саған қалай әсер етті?
2. Әңгімені оқып болған соң, қиялыңа бірінші болып қандай пікір келді?
3. Сен анаңа үй жұмыстарыңда көмектесесің бе?
4. Анаң шақырғанда «Құп болады, анашым», деп жауап бересің бе?



Хикмет

Біз әрдайым қарыздар болған ең ұлы зат ана болады.



Білесің бе?

Күндер тез өтіп баруда. Біз есейіп жатырмыз. Айналамыздағы жақын адамдарымызды қуантуға ұмтыламыз. Көбірек уақытты отбасы мүшелерімізмен бірге өткізуге әрекет етеміз. Мұның себебі өмірімізде отбасының орны әр нәрседен маңызды екендігінде болып табылады.



✿ Ана барлығының орнын басады, бірақ оның орнын ешкім баса алмайды.

✿ Аналар әлемдегі ең еңбекқор адам болып табылады. Ана өз перзентінің бір күлкісі үшін:

- айлықсыз
- демалу күндерісіз
- түстік жемей істеуге дайын.

✿ Ананың мейір-шапағаты таза аула сияқты. Әрдайым жылы және нұрлы.

✿ Аналар әрдайым көмекке келеді, тіпті олар жанымызда болмаса да.

✿ Ананың көңілі әр уақыт кешірімді, мейірге толған мекен!



Отбасы ортасында



1. «Аналар әлемдегі ең еңбекқор адам. Ана өз перзентінің бір күлкісі үшін айлықсыз, демалу күндерісіз және түстік жемей істеуге дайын» дегенде нені түсіндің?
2. Не үшін «Аналар әрдайым көмекке келеді, дегенмен олар жанымызда болмаса да» деп айтылады?
3. Жоғарыда анаға берілген сипаттамаларды «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» мақалымен байланыстырып түсіндір.



27-ТАҚЫРЫП: ДЕНСАУЛЫҚ – ТЕРЕҢ БАЙЛЫҚ



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. «Дені саудың – жаны сау» дегенді қалай түсінесің?
2. Не деп ойлайсындар не үшін сенің мектебінде, дәрігерлер әр жылы сендерді екі рет медициналық көріктен өткізеді?
3. Сенің денің сау болуына кім мүдделі?

Хамза мен Ахмет атты құрдастар болған екен. Хамза спортпен шұғылданатын еді, мектепте анасы дайындап берген дәмді тамақтар, дәрумендерге бай жемістерді жейтін екен. Ал Ахмет тәртіпсіз тамақтанып, хот-дог пен гамбургерлерді жейтін еді. Тамақтан кейін, әлбетте, газданған түсті сусындар ішер екен.

Хамза сыныптасы Ахметке тез дайын болатын тамақтар, түсті сусын мен конфеттер денсаулық үшін зиян екенін айтыпты. Досына бірге спортпен шұғылдануды ұсыныпты. Бірақ Ахмет оның сөздеріне көңіл бөлмеді.

Күндердің бірінде, Ахмет мектептен қайтып жатқанда, көшеде сауда жасап жатқан сатушыдан әр түрлі тәттілер сатып алыпты. Үйге кіріп, телевизор алдында созылып, бірнеше минуттар ішінде олардың баршасын жеп қойыпты. Көп өтпей, Ахмет қарнында қатты ауруды сезіп, көңілі айныпты. Оған ауруханада тамақтан улану диагнозы қойылыпты. Ахмет ауруханада





ўзақ мерзім емделіпті. Дұрыс тамақтану ережелерін сақтамағанына өкініпті.

– Кешір, досым, сенің сөздеріңе құлақ салмай қате қылған екенмін. Ата-анам мені бұл туралы өте көп рет ескерткен еді. Енді білсем, денсаулық–ең үлкен байлық екен, – деді ол Хамзаға.

Сол күннен бастап, олар бірге салауатты өмір сүре бастады.

Шығармашылық қызмет



1. Әңгімеге тақырып қой.
2. Сенің денсаулығыңа пайдасы болған өнімдерді білесің бе? Оларды дәптеріңе жаз.

10 жас		Өте төмен	Төмен	Орта	Биік	Өте биік
Ұл балалар	бойы, см	126,3 тен кем	126,3–132,9	133,0–146,6	146,7–149,2	149,2 ден жоғары
	салмағы, кг	23,9 дан кем	23,9–28,1	28,2–39,6	39,7–44,7	44,7 ден жоғары
Қыздар	бойы, см	127,0 ден кем	127,0–134,2	134,3–146,6	146,7–151,0	151,0 ден жоғары
	салмағы, кг	22,7	22,7–27,6	27,7–39,7	39,8–47,4	47,4 тен жоғары



Отбасы ортасында



1. Күн тәртібінді түзіп, жазып кел.
2. Өз салмағыңды және бойыңды өлше. Егер бойың 130 сантиметр болса, онда салмағың қанша килограмм болуы керек? Жоғарыдағы кестеге қара.



28-ТАҚЫРЫП: САЛАУАТТЫ ӨМІР ҮШІН ҚАЖЕТТІ КҮН ТӘРТІБІ



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. Сен қатаң орнатылған күн тәртібін сақтайсың ба?
2. Күн тәртібі не үшін керек?
3. Уақытыңды дұрыс бөлу үшін күн тәртібінің орны қандай?
4. Күн барысында қандай жұмыстармен шұғылданадысың?

Шухрат күн барысында өте көп жұмыс істемекші болар екен, бірақ ешқайсысына үлгермес екен. Қайсарлығынан үлкендердің сөзіне құлақ салмайтын, әрдайым өз білгенінен қалмайды екен.

Бір күні әпкесі оған: «Інішегім, күн тәртібін сақтасаң, орындауың қажет болған жұмыстарды алдыннан жоспарласаң, жұмыстарың өнімді болады. Сабақтарға да үлгересің. Кел, мен саған көмек беремін», – депті.

Сабақтарынан бағалары төмендеп кеткендігінен Шухрат бұл рет әпкесінің сөзіне риза болыпты. Олар біргелікте күн тәртібін істеп шығыпты. Күн тәртібін «Сәттілі өмір сары» деп атапты.

Шухраттың «Сәттілі өмір сары» атты күн тәртібі

Әр күні пайдалы жұмыстарға 10 минут ажыратсаң, бір жыл ішінде сен кемінде 60 сағат уақытыңды пайдалы өткізуге қол жеткізесің.

Таңда ертерек оянуға әрекет жаса. Орныңды тәртіпке келтір. Бет-қолыңды және тісінді жуған соң, дене жаттығуы үшін 15 минут ажырат.



Денендегі сусыздықты жою үшін таңғы тамақтан алдын лимон араластырылған жылы су ішу салауаттылық үшін пайдалы. Таңда таңғы асқа дейін жарты сағат бірер жаттығуға уақыт ажырат. Мысалы, жаңа тілді үйренуге. Мұндай кезде мия мәліметке шөлдеген болады, оқығандарың жадында тез сақталады. Таңғы аста сүт-қатық өнімдері, көкөніс араластырылған жұмыртқа, мәуе, дәнек-жаңғақ жесең, күн барысында сабақтарда белсенді боласың. Көп шекер жеме.

Өзіңмен ішу үшін ыдыста су алып жүр. Тез-тез су ішу зейінді асырып, көңіл күйін көтереді.





Түстіктен кейін, мектеп ауласында біраз ойна яки 10 минут серуенде. Мектептен қайтқан соң, өзің қызыққан жаттығулар үшін уақыт ажырат. Бұл уақытта дене тұрғыдан белсенді болу, үй жұмыстарына көмек беру жақсы.

Кешке, сабақ дайындау және кітап оқу үшін уақыт ажырат. Жақсы кітаптарды оқу дана адамдармен сұхбат құруға ұқсайды.

Ұйқыдан алдын, тістеріңді жу, ертең істеуің қажет болған жұмыстарды жоспарла. Әр күні 8 сағат ұйықтауға әрекет жаса. Ұйқыдан алдын жақындарыңа қайырлы түн тілеп, оларды жақсы көруіңді айт.

Дем алыс, күндері қосымша жаттығуларға уақыт ажырат. Музей және көңілге қонымды жерлерге отбасымен барыңдар. Айтпақшы, күн барысында тез-тез қолыңды жуып жүруге әдеттен.



1-шығармашылық қызмет

Бұл жерде денсаулық туралы мақалдар берілген. Жұбын тауып мақалды оқы.

1.	Науқас болу оңай –	а)	салауатты боласың
2.	Тазалық –	ә)	емделу қиын
3.	Таңды дене тәрбиесімен қарсы ал,	б)	ұқыпты жұмыс
4.	Саулығың –	в)	салауаттылық кепілі
5.	Жоспарлы жұмыс –	г)	байлығың



2-шығармашылық қызмет



1. Күн тәртібіне сен тағы да нелерді қосымша қылған болар едің?
2. Берілген кестені толтыр.

Сұрақтар	Иә	Жоқ
Дене тәрбиесі жаттығулары энергия мен денсаулық ошағы екендігіне қосыласың ба?		
Сағыз шайнау тістерді берік етуі дұрыс па?		
Кактустар компьютерден шығып жатқан нұрлануды қайтарады ма?		
Тәттілектер көңіл күйді көтеруі дұрыс па?		
Сәбіз тамақ қорыту қасиетіне ие ме?		
Жаз айында жыл бойы қажетті болатын дәрумендермен азықтану мүмкін бе?		
Сүт йогурттан пайдалырақ екендігі дұрыс па?		
Компьютер алдында отыру уақыты шекараланбағандығы дұрыс па?		



Отбасы ортасында



1. Өз күн тәртібінді құрастыруда уақытты дұрыс бөл.
2. Отбасың мүшелерімен жетістікке қол жеткізу үшін өзіңе өмірлік ұран таңда. Мәселен, «Әрдайым алға ұмтыл», «Бұл, әлбетте, қолымнан келеді».
3. «Менің мақсаттарым» атты болашақ жұмыстарыңның картасын сыз. Жұмысты неден бастауыңды белгіле.
4. Әрбір қол жеткізген жетістіктеріңді белгілеп бар. Мәселен, «Бүгін ағылшын тілінен 4 сөз жаттадым» және т.б.



29-ТАҚЫРЫП: АДАМДЫ ЕСКЕ АЛУ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



Ақыл-ойды дамытуға арналған сұрақ пен тапсырмалар

1. «Адамды еске алу» дегенде нені түсінесің?
2. Еске алу майданына барғаныңда қиялыңнан нелер өтеді?
3. Отбасы ортасында, үлкендердің дүниеден өткендерді еске алғандарына куәгер болғансың? Олар не деп дұға оқиды?

ТЕМІР ГЕНЕРАЛ

Ұзын бойлы, созылыңқы беттері оңтүстік күн нұрында қарайған генерал – Сабыр Рахимовты соғыс майданындағы ерлігі, қайсарлығы, дұшпанға аяусыздығынан дұшпандары «темір генерал» деп атаған.

Сабыр Рахимов 22 жасында әскери мектепті аяқтап, командир дәрежесіне жетеді. 1941 жылы ол 39 жаста еді. Генерал Сабыр Рахимов 25 мыңға жуық әскер қызмет етіп жатқан, үлкен әскери жасақты басқарған. Ол тек бұйрық бермейтін, саптас әскерлерге өрнек болып, дұшпанға қарсы, алдымен, өзі жол бастайтын еді. Ол өте батыл болған. Сабыр Рахимов дұшпанға арыстан сияқты шұғыл шабуыл жасайтын, ақылды жоспарлар түзіп, қарсыластарын артта қалдыратын еді.

1942 жылының 23 қыркүйегінде Сабыр Рахимов бөлімі





үшін ең ауыр соғыстардың бірі болған. Дұшпан оған қарсы 75 ұшақ пен үлкен зеңбіректерді жібереді. Бірақ олар Сабыр бабамызды жеңе алмайды.

Содан кейін танк және әскери машиналар жіберіледі. Сабыр Рахимовтың жауынгерлері барша шабуылдарды қайтарады және артқа шегінбейді. 1943 жыл наурызда Рахимовқа генерал-майор атағы беріледі.

Бірақ соғыс құрбансыз болмайды. 1945 жылдың 26-наурызында, жеңіске бір жарым ай қалғанында дұшпан кемесінен атылған ауыр зеңбірек оғы күзету пунктіне келіп түсті. Сабыр Рахимов басынан ауыр жарақат алды және ауруханада қайтыс болды. Бірақ бұл батыл адамның Отан алдындағы қызметтері, батыл және ержүректігі әлі күнге дейін ауызба-ауыз өтіп келуде.

1-шығармашылық қызмет



Берілген мәтіннен келіп шығып, генерал Сабыр Рахимовтағы қасиеттерді жаз және оларға сипаттама жаса.

Қасиеттер	Оларға анықтама бер

Білесің бе?



Өзбекстан Республикасы Президентінің жарлығына сәйкес, 2020 жылдың 9 мамырында, Екінші Дүниежүзілік соғысындағы жеңістің 75-жылдығына орай, Ташкент қаласында «Жеңіс бағы» ашылды. Бақтың орталығында Сабыр Рахимовтың айбатты ескерткіші бой көтерді.



2-шығармашылық қызмет

Махаллаңдағы соғыс ардагерлері, әскерилер, жасы үлкен адамдармен соғыс және тыныштық тақырыбында сұхбаттас. Сұхбат негізінде мәтін құрастыр.



Отбасы ортасында

1. Генерал Сабыр Рахимов туралы оқып, нелерді сезіндің?
2. Генерал бабамыздың қайсы әдеттері сенде де болуын қалайтын едің?
3. Біз кімге ұқсауды армандауымыз керек? Өзің әуестенген қаһармандарың туралы айтып бер.
4. «Отан үшін жасалған өмір – ұмытылмайды, ол – мәңгілікке тең!» тақырыбында ата-әжеңнен интервью ал.
5. Сен де, батыр және батыл болуың үшін нелерге назар аударуың керек?
6. Отбасы мүшелерінің көмегімен, ұлы жұмыстарды жүзеге асырған тұлғалар туралы мәлімет жина.



ҚОРЫТЫНДЫ ҚАЙТАЛАУ

МЕН 11 ЖАСТАМЫҢ, КӨП ЖЕТИСТІКТЕРГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗДІМ

Балалар, міне, оқу жылы да аяқталып жатыр. Сендердің бір жыл барысында үйренген білімдеріңді топтастыратын уақыт келді. Сендерді алда үлкен өмір күтуде. Өткен бір жыл барысында алған білімдерің, өмір жолында өз орныңды табуыңа көмек береді.

Тапсырма:

1. Топтарға бөлін және үйренгендеріңді еске түсіріп, өзіңе берілген тақырыпқа тиісті сурет сал.

1-топ: Отан – бабалардан қалған құнды мұра.

2-топ: Кітап менің өмірімде.

3-топ: Қауіпті жағдайларда не істеу керек?

4-топ: Отбасы – бақыт қорғаны.

5-топ: Әдепті адамға тән болған қасиеттер.

6-топ: Біз – бір топпыз.

2. Салған суреттеріңді басқа топтардың жұмыстарымен үйлестір.

3. Пайда болған дара суреттің негізінде, төмендегі сұрақтарға жауап бер:

✓ Адам өмірінде Отанның орны қандай?

✓ Отанды неге сақтау, қорғау керек?

✓ Өмір деп аталған сапарда адам жетістікке жету үшін нелер керек болады?

✓ Не үшін топқа айналу, жетістікке қол жеткізуге көмек береді?

✓ Армандарың және оларға қол жеткізу қажеттілігі туралы айтып бер.

«Әдемі және сәттілі өмір армандарың, үлкен және әдемі екеніне сенген жастарға бұйырады», – деген екен данышпандардың бірі. Үлкен армандар жаса және олардың артынан табандылықпен бар.



МАЗМУНЫ

3-сыныпта үйренгендерімізді қайталаймыз.....	3
1-ТАҚЫРЫП: Отанды мадақтау.....	4
2-ТАҚЫРЫП: Өзбекстан – көп ұлтты мемлекет.....	8
3-ТАҚЫРЫП: Батыл және ержүрек адам – Отанның тірегі.....	12
4-ТАҚЫРЫП: Бабаларамыздың құнды мұрасы.....	15
5-ТАҚЫРЫП: Мектеп – ең ұлы мекен.....	19
6–7-ТАҚЫРЫПТАР: Кітап – ұлы данышпан.....	22
8-ТАҚЫРЫП: Білім – теңсіз қазына.....	26
Қайталау.....	30
9-ТАҚЫРЫП: Отан туын жоғары ұстайық.....	31
10-ТАҚЫРЫП: Жақсылық жасау хикметі.....	35
11–12-ТАҚЫРЫПТАР: Мүмкіндік пен қайраттылық.....	39
13-ТАҚЫРЫП: Шыншылдық.....	44
14–15-ТАҚЫРЫПТАР: Адалдық – жетістік кілті.....	47
Қайталау.....	51
16-ТАҚЫРЫП: Тілге құрмет – елге құрмет.....	52
17–18-ТАҚЫРЫПТАР: Үнемдеушілік.....	54
19-ТАҚЫРЫП: Қасиеттер – адамның көркі.....	59
20-ТАҚЫРЫП: Жетістік – бір топқа айналуда.....	63
21-ТАҚЫРЫП: Барша адамдар заң алдында тең.....	66
22–23-ТАҚЫРЫПТАР: Қауіпті жағдайларда не істеу керек?.....	70
24-ТАҚЫРЫП: Бақыт отбасынан басталады.....	75
25-ТАҚЫРЫП: Отбасылық кітапсүйгіштік – жетістік тірегі.....	78
26-ТАҚЫРЫП: Ана – ұлы зат.....	81
27-ТАҚЫРЫП: Денсаулық – терең байлық.....	84
28-ТАҚЫРЫП: Салауатты өмір үшін қажетті күн тәртібі....	86
29-ТАҚЫРЫП: Адамды еске алу – ұлттық құндылық.....	90
Қорытынды қайталау.....	93

Тәрбие 4 [Мәтін]: оқулық / С. Шермухамедова [және басқ.]. – Ташкент:
Т 23 «O‘zbekiston» БПШУ, 2020. – 96 б.

ISBN 978-9943-6481-9-7

УЎК 17(075.3)
КБК 87.7я72

O‘quv nashri

Shermuxamedova Saodat, Akkulova Saodat, Ismatova Nargiza,
Ro‘ziyeva Dilnoz, Rahimjonov Durbek, Sattorov Shuhrat, Zamonov Zokir,
Islomov Zohidjon, Maxmudov Obiddin, Zokirova Sevara, Madaliyeva Sevara,
Mo‘minova Laylo, Xolmuxamedova Nilufar

TARBIYA

Baxt va muvaffaqiyat sirlari

Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining
4-sinfi uchun darslik

Qozoq tilida

Аударған *Д. Бектаева*

Редакторы *З. Абдиназарова*

Көркем редакторы *Д. Мулла-Ахунов*

Суретшілер *У. Сулаймонов, С. Фармонов*

Техникалық редакторы *Т. Харитонова*

Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 158, 14.08.2009. Басуға 2020 жылы августда рұқсат етілді.

Пішімі 60x84¹/₈. Офсеттік қағаз. «Agial» гарнитурасы.

Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 11,16.

Баспа табағы 5,46. Таралымы 5408. Тапсырыс №20-251.

«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.

100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20. Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz www.iptd-uzbekistan.uz



COLORPACK
время ярких решений

Дизайн концепциясы мен әдісі бас мердігері
Colorpack ЖШҚ жағынан жасалған.

Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критеріі негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.

Тәрбие 4 [Мәтін]: оқулық / С. Шермухамедова [және басқ.]. – Ташкент:
Т 21 «O‘zbekiston» БПШУ, 2020. – 96 б.

ISBN 978-9943-6481-9-7

УЎК 17(075.3)
КБК 87.7я72

O‘quv nashri

Shermuxamedova Saodat, Akkulova Saodat, Ismatova Nargiza,
Ro‘ziyeva Dilnoz, Rahimjonov Durbek, Sattorov Shuhrat, Zamonov Zokir,
Islomov Zohidjon, Maxmudov Obiddin, Zokirova Sevara, Madaliyeva Sevara,
Mo‘minova Laylo, Xolmuxamedova Nilufar

TARBIYA

Baxt va muvaffaqiyat sirlari

Umumiy o‘rta ta‘lim maktablarining
4-sinfi uchun darslik

Qozoq tilida

Аударған *Д. Бектаева*
Редакторы *З. Абдиназарова*
Көркем редакторы *Д. Мулла-Ахунов*
Суретшілер *У. Сулаймонов, С. Фармонов*
Техникалық редакторы *Л. Хижова*
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы AI 158, 14.08.2009. Басуға 2020 жылы августда рұқсат етілді.

Пішімі 60x84¹/₈. Офсеттік қағаз. «Agial» гарнитурасы.
Офсеттік әдіспен басылды. Шартты баспа табағы 11,16.
Баспа табағы 5,46. Таралымы 580. Тапсырыс № 20-252.

«O‘zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.
100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20. Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz www.iptd-uzbekistan.uz



COLORPACK
время ярких решений

Дизайн концепциясы мен әдісі бас мердігері
Colorpack ЖШҚ жағынан жасалған.